1	Орналасыту орындарындағы қызмет көрсетілген келушілердің саны / өткен жылға қарағандағы өсу қарқыны: Резиденттер Резиденттер емес	Адам Адам	680 0	1672 11	992(245%) 11 есе	3650(110%)
2	Орналасыту орындарының саны/ өткен жылға қарағандағы өсу қарқыны	Бірлік	6	8	2(133%)	10(120)
3	Орналасыту орындарының көрсеткен қызметінің көлемі	Млн. тенге	5,7	13,4	7,7 (235%)	24,0 (110%)

Раздел 5. «Химические технологии. Безопасность жизнедеятельности»

Шығыс Қазақстанда емдік туризм жақсы дамып келеді. Мұнда еліміздің түкпір-түкпірінен, тіпті жақын және алыс шет елдерден мыңдаған туристер өздерінің денсаулықтарын түзеуге келеді. Облыстағы санаторийлер оларға панта тұнбасымен, балшықпен және жерасты емдік сулармен емдеу қызметтерін ұсынады. Шипалы Алакөлдің және таулы Бұқтырма су қоймасының жағажайлары жазғы мезгілде елімізден және шет елдерден, негізінен Ресейден келетін демалушылардан арылмайды. Бүгінгі таңда ШҚО территориясында 4 ірі минералды сулар көзі ашылып, зерттелген. Олар - Рахман қайнарлары (350м³), Барлық-Арасан (340м³), Арасан-Талды (370м³), Жеменей (25м³). Олардың ең алғаш ашылғаны – термалды радон көздері – Рахман қайнарлары 100 жылдан астам уақыт аралығында емдік-профилактикалық мақсаттарда қолданылады. Ұржар ауданында Барлық жоталарының батыс беткейінде минералды көздер негізінде жыл бойы қызмет ететін «Барлық-Арасан» санаторийі жұмыс істейді. Оның біруақыттағы сыйымдылығы 250 орын. Жыл көлемінде санаторий 5000-ға жуық адамға қызмет көрсетеді. Зайсан қаласынан батысқа қарай 30 км жерде орналасқан Арасан-Талды минералды көздері құрамы бойынша хлоридті-сульфатты, кальций-натрийлі, кремнийлі және өте ыстық (С) болып табылатын, өзінің емдік суларының өзгешелігімен ерекшеленеді.



1 – сурет. Шығыс Қазақстан облысы территориясының әуе ғарыштық түсірілімі

Емдік-сауықтыру туризмін дамытуда емдік процедуралардың кең спектрін көрсететін, термалды радон бұлақтарының негізінде жұмыс істейтін бальнеологиялық санаторий «Рахман қайнарлары» орналасқан Катон-Қарағай ауданының мүмкіндігі зор. 2006 жылы қайта құрылып, біруақытты сыйымдылығы 51 орынды құрайды. Санаторий жыл көлемінде қызмет көрсетеді. Алыс ортатаулы жерде орналасқан, радонмен емдеу қызметін көрсететін «Рахман қайнарлары» санаторийі осы секторда ШҚО нарығында монополист болып табылады. Емдік-сауықтыру туризмнің келесі маңызды бағыты – пантамен емдеу болып табылады. Бұл бағыт Шығыс Қазақстан облысы туризмінің халықаралық мамандануының болашағын анықтайды, себебі бұндай қызмет еліміздің басқа ешбір жерінде көрсетілмейді, ал пантамен емдеу қызметін көрсетуге қажетті ресурстар көлемі тек бірнеше елде ғана бар.

Бүгінгі таңда осы бағытта үш заңды тұлға өз қызметтерін көрсетеді: «Долина царей» демалыс базасы, «Катон-Қарағай бұғы паркі» ШҚ (ШҚ пантамен емдеу орталығы), «Ақсу» кешені. «Ақсу» кешенінің Язевое, Верх-Катун, Белое, Репное, Катон-Қарағай ауылдарында орналасқан 5 емдік-сауықтыру кешені бар. Соңғы үшеуінде қызмет көрсету жыл бойы жүргізіледі. Пантамен емдеу қызметін көрсететін объектілердің жалпы сыйымдылығы 178 орын. Пантамен емдеуді дамытудағы жағымды жағдай – тек жергілікті ресурстарға негізделу [7].

Катон-Қарағай ауданының пантамен емдеу кешендері мен шипажайлары:

«Рахман қайнарлары» шипажайы «Рахман қайнарлары» шипажайы

Рахман көлі, Арасан - Катонқарағай ауданындағы шипалы жылы су. «Рахман қайнарлары» шипажайы облыс орталығы Өскемен қаласынан 450 шақырым, төрт мемлекеттің Қазақстан, Россия, Монғолия, Қытай елдерінің шекарасының қиылысқан жерінде, Алтайдың кішкене тектоникалық ойпатында Арасан көлі жағасында теңіз деңгейінен 1760 м. биіктікте орналасқан. Бұл родонға бай термиялық қайнар. Суы буын, тері, жүйке ауруларына шипа болып табылатын санаторийге еліміздің түкпір-түкпірінен мыңдаған адам келіп, елге де, жерге де алғысын айтып қайтып жатады. Рахман қайнарының суы асқазан, ревматизм, гинекологиялық, жүйке, тыныс ауруларын және әр түрлі улану мен жараларды емдеуде қолданылады.

«Нұр Бұлақ» шипажайы Катонқарағай ауданы, Топқайың ауылының оңтүстік-шығысында, жол бойынан 0,5 шақырым жерде, Алтай тауының бөктерінде орналасқан. Негізгі көрсетілетін қызмет түрлері: сауықтыру (оның ішінде: климатотерапия, комплексті терапия, фитотерапия, саунотерапия, сауықтыру массажы, инемен емдеу терапиясы, биоэнергокоррекция, тренажерлық зал).

«Баян» пантамен емдеу кешені Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылында орналасқан. Негізгі көрсетілетін қызмет түрлері: сауықтыру (оның ішінде: климатотерапия, комплексті терапия, фитотерапия, саунотерапия, сауықтыру массажы), Туристік (оның ішінде: марал шаруашылығының базасына серуендеу, тауға шығатын атпен, жаяу серуендеу, авто-тур, біріктірілген маршруттар).

«Ақ қайың» пантамен емдеу кешені Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылында орналасқан. Негізгі көрсетілетін қызмет түрлері: сауықтыру (оның ішінде: комплексті терапия, фитотерапия, саунотерапия, сауықтыру массажы), туристік (оның ішінде: марал шаруашылығының базасына серуендеу, тауға шығатын атпен, жаяу серуендеу, авто-тур, біріктірілген маршруттар).

«Абзал» ШҚ-ның пантамен емдеу кешені-Катонқарағай ауданы, Ново-Поляковка ауылынан 12 шақырым қашықтықта орналасқан. Күніне 12 адамға дейін қабылдайтын аудан орталығынан 60 км. жерде табиғаттың сан-алуан әсем көріністерінің арасында орналысқан пантамен емдеу базасы. Негізгі көрсетілетін қызмет түрлері: пантымен сауықтыру (оның ішінде: комплексті терапия, құрғақ саунотерапиясы).

«Жанат» пантымен емдеу кешені-Катонқарағай ауданының Коробиха ауылында орналасқан. Пантымен емдеу кешені өз жұмысын 2003 жылдан бастады. Негізгі бағыты емдеу. Бір жолғы сыйымдылығы 35 адам. Демалушыларға VIP коттеждер, кафе, пантымен емдеу қызметтері және атты серуендеу қызметтері көрсетіледі.

«Катонқарағай бұғы паркі» пантымен емдеу кешені-пантымен емдеу кешені Катонқарағай ауданының Ақмарал ауылында орналасқан. Пантымен емдеу кешені өз жұмысын 2006 жылдан бастады. Сыйымдылығы 25 адам. Пантымен емдеу кешініне пантымен емделу, демалу, тұру, тамақтану және пантымен емдеу кешенінің аумағындағы туризм кіреді.

«Жазаба» пантымен емдеу кешені-Катонқарағай ауданының Жазаба ауызылда орналасқан. 2008 жылдан бастап өз жұмысын бастаған. Пантымен емдеу кешініне пантымен емделу, демалу, тұру, тамақтану және пантымен емдеу кешенінің аумағындағы туризм кіреді. Сонымен қатар, пантымен емдеу кешенінің демалушылары «Язевое» сарқырамасын тамашалай алады. Пантымен емдеу кешеніне 60 адам орналастыруға болады.

«Ақсу» пантымен емдеу кешені-Катонқарағай ауданының Ақсу ауылында орналасқан. Пантымен емдеу кешені өз жұмысын 2003 жылдан бастаған. Демалушыларға емдеу, демалу, 35 адамды тамақтандыра алатын кафе, атпен серуендеу, VIP бөлмелер, ыңғайлы коттеждер қызмет етеді. Пантымен емдеу кешені 50-60 адамды орналастыра алады.

Қорытындылай келе, емдік-сауықтыру туризмі қоғамдық құбылыстың ерекше бір түрі болып келеді, себебі емдік туризмнің тарихы ұзаққа созыла отырып, өте ертедегі тарихтың беттерінен кездестіруге болады. Қазіргі уақытта адамдардың денсаулықтарына мемлекет тарапынан қолдаулар көрсетіліп жатыр сол себепті кез – келген мемлекеттің мәдени саясатында шешім қабылдаудың басты рөлін туризм саласы алып отыр. Туризм белгілі бір орында тұрған функцияларды орындайды. Санаторлы – курорттық емделу адамзаттың денсаулығын қалпына келтіру үшін өте қажет. Шығыс Қазақстан облысында курорт, санаториялар көптеп кездеседі. Бұл облыс аймағы өзінің ерекше табиғи-климаттық жағдайларымен Қазақстанның ішкі туризмін дамытуға мүмкіншілік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кусков А.С. Курортология и оздоровительный туризм/А.С.Кусков, О.В.Лысикова. – Ростов-на-Д.: Феникс, 2004, 265 с.

2 Шығыс Қазақстан облысына саяхат. [Электрондық ресурс].- кіру тәртібі: <http://visitkazakhstan.kz/kk/guide/tours/5/0/>

3 З. Қазақстанның қорықтары мен ұлттық саябақтары. - Алматы: Кітап, 2006. - 96-109, 140-149, 242-251 бб.

4 Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы Сессияның № 8/104-V шешімімен бекітілген Шығыс Қазақстан облысының аумағын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасы. - Өскемен, 2012.

5 Шығыс Қазақстан облысының инвестициялық порталы.

6 Ердаулетов С.Р. Туризм географиясы: тарихы теориясы қолдану әдісі практикасы – А.: «Атамура», 2000. - 336б.

7 Д.Д. Есимова, А.Г. Царегородцева, А.С. Ажаев, В.Е. Арефев. Концептуальные основы развития туризма в северо-Восточном Казахстане и Алтайском крае. – А.: Монография, -163-164 б.

Д.А. Кадирбаева, К.К. Сакитаева

Развитие лечебно-оздоровительного туризма в Восточно Казахстанском области (на примере Катон-Каарагайского района)

Аннотация. Лечебно-оздоровительный туризм является главным показателем развития туризма. В статье рассматриваются современные туристский потенциал Восточно-Казахстанской области, а также перспективного развития. Многие в развитии туристической сферы намечается и в Восточном Казахстане, потому что потенциал у живописного края гор

и озер очень важен. Лечебно-оздоровительный туризм остается одним из самых перспективных направлений в индустрии туризма. Основа его популярности в XXI веке — победа профилактического направления в современной медицине, а также мода на здоровое тело и здоровый дух.

Ключевые слова: туризм, лечебно-оздоровительный туризм, курортология, бальнеология, санаторий.

D.A. Kadirbayeva, K.K. Sakitayeva

Development of medical and health tourism in East Kazakhstan to the area (on the example of Katon-Karagay of district)

Abstract. Curatively-health tourism is the main indicator of tourism development. The article the modern potential of tourist of East Kazakhstan region, as well as the long-term development. By many in tourism development is planet in the East Kazakhstan region because the in region of the picturesque mountaibs and lakes is very important. Medical and health tourism remains one of the most promising areas in the tourism industry. The basis of his popularity in the XXI century - a victory preventative trends in modern medicine, as well as the fashion for a healthy body and a healthy mind.

Key words: tourism, medical and health tourism, balneology, sanatorium.

УДК 678.744

С.А. ТУЛЕПБЕРГЕНОВА, Ф.Ж. АБИЛКАНОВА, Б.Х. ИСАНОВА
(Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Теміртау қ., Қазақстан)

МОДИФИКАЦИЯ – ТІРІ ЖӘНЕ ӨЛІ ТАБИҒАТТАҒЫ САПАЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР ФАКТОРЫ

Аннотация. Мақалада модификацияның статистикалық және динамикалық түрлері, олардың ағзаларға және қасиеттеріне ықпал етуі қарастырылады. Табиғи экожүйелердің бұзылу мүмкіндігі тұрғысынан ауыл шаруашылығында ГМО пайдаланудың кейбір аспектілері қарастырылады.


Түйін сөздер: модификация, полимерлер, ДНК, гендік инженерия.

Модификация – бір нәрсенің сапалық түрлері немесе әртүрлі күйлері, басқа жағынан модификация – жаңа қасиеттерге ие бола отырып бір нәрсенің түр өзгерісі болып табылады.

Модификациялық өзгергіштік тұқым қуаламайды. Модификациялық өзгергіштік деп гендердің, хромосомалардың, генотиптің өзгеруіне байланыссыз, қоршаған орта факторларының әсерінен белгілі бір гендердің көрінуін, осылай фенотиптің өзгеруін айтады. Сыртқы орта факторларына: температура, ылғал, жарық, қоректік заттар және т.б. жатады. Жануарлар мен өсімдіктердің жеке дамуы барысында морфологиялық, физиологиялық, анатомиялық, биохимиялық және басқа да ерекшеліктерінің өзгеретіні байқалады.

Табиғатта көптеген жай заттар әртүрлі модификацияларға ие (көміртек – алмаз – өте қатты, мөлдір таза зат, қайнау температурасы – 4380°C; графит – жұмсақ, бұлыңғыр зат, қайнау температурасы – 3900°C; көмір – бұлыңғыр аморфты зат; фуллерен; күкірт – ромбтық, моноклинді иілгіштік; фосфор – ақ, қызыл, қара және т.б. заттар) [1].

Сонымен қатар металлургияда да металдардың модификация үдерісі термиялық, механикалық, электрлік және т.б. қасиеттерін өзгерту, нақтырақ жақсарту мақсатында жүргізіледі. Мысалы, температуралық режиміне байланысты темір төрт түрлі модификацияға ие [2]. 770°C дейін α -Fe көлемдіорталандырғыш кубтық торлы ферромагниттік қасиетімен тұрақты. 770°C температурада α -Fe – ден β -Fe – ге ауысады; оның ферромагниттік қасиеті жойылады және темір парамагнитті қасиетке ие болады, бірақ оның кристалдық құрылымы айтарлықтай өзгермейді. 912°C температурада полиморфты өзгерісі байқалады, кристалдық құрылысы өзгереді: көлемдіорталықтандырылғаннан гранеорталықтандырылған кубтық құрылымға γ -Fe ауысады, ал металл парамагнитті болып қалады. 1394°C температурада жаңа полиморфты ауысу байқалады және көлемдіорталықтандырылған кубтық торлы δ -Fe түзіледі, ол темірдің балқу температурасына дейін сақталады (1539°C) (сурет 1).




Сурет 1. Темірдің модификациялық түрлері

Раздел 5. «Химические технологии. Безопасность жизнедеятельности»


Табиғатта көптеген заттар полимерлық күйде болады. Органикалық полимерлер – бұл молекулаларының құрамында жүздеген немесе мыңдаған көміртегі атомдары болатын қосылыстар, олардың молекулалық салмағы мыңдап және тіпті миллиондап есептелінуі мүмкін. Органикалық полимерлердің молекулаларының сипатты белгілері олардың үлкен салмағынан басқа, олардың тізбектелген құрылымы және иілгіштігі болып табылады. Макромолекуланың негізгі тізбек құрамына байланысты органикалық полимерлер карботізбекті және гетеротізбекті болып бөлінеді [2].

Органикалық полимерлер табиғатты деп ажыратылады, оларға, мысалы крахмал, жасұнық, ақуыздар жатады, мысалы каучук:



Сонымен қатар синтетикалық және модифицирленген, яғни полимерлерге сәйкес өңдеуден кейінгі алынғандары.

Тек көміртегі пен сутектен тұратын полимерлер белгілі бір қасиеттерге ие, олар өнеркәсіп қажеттілігін толықтай қанағаттандырмайды. Полимерлердің қасиетін жақсарту үшін олардың модификациясын полимерлік тізбектерге әртүрлі элементтерді (галогендер, кремний және т.б.) енгізу арқылы жүргізе бастады.





Алынған модифицирленген полимерлер жоғары термиялық, механикалық, электроэнергетикалық, сонымен қатар химиялық тұрақты қасиеттерге ие бола алады [3].

Барлық табиғи дезоксирибонуклеидтік қышқыл (ДНҚ) молекулалық салмағы өте үлкен (4-16 миллион, фагтан алынған ДНҚ үшін 150 миллионға дейін) заттар болып табылады және он мыңдаған нуклеотидтерден тұрады.

Организмдердің әр қилы түрлерінің табиғи ДНҚ зерттеу, олар биологиялық жағынан да, химиялық жағынан да бірдей емес екендігін және организмдердің әр түрлі өзіндік ерекше ДНҚ сипатталуы мүмкіндігін көрсетті. ДНҚ-дағы дезоксирибонуклеотидтердің арақатынасы әрбір түрінде әр түрлі болуы мүмкін. ДНҚ полимерлік тізбектерінің макромолекулалық құрылысы, олардың химиялық ерекшелігіне қарамастан, жанды заттардың небір түрлері үшін жаппай бір типтес болады:

Қазіргі уақыттағы көзқарастар бойынша, ДНҚ молекуласы спираль бойын қуалай, ортақ осьті айнала дұрыс шырмалған екі полидезоксирибонуклеотидтік тізбектер болып табылады. Бұл екі тізбек олардың азотты негіздерінің арасында сутектік және гидрофобтық байланыстармен қосылған. Мұнда негіздер спиральдің ішіне, орталыққа, шамамен спиральдің ұзын осіне перпендикуляр бағытталған. Олардың арасында сутектік байланыстар түзілген, онда бір тізбектегі пуриндік негізіне әрқашан басқа тізбектегі пиримидиндік негіз, ал бірінші тізбектің пиримидиндік негізіне - екіншінің пуриндік негізі сәйкес келеді. Сутектік көпіршіктер - N'-пуриндік сақина және N'-пиримидиндік сақина арасында,





Сурет 2. ДНК молекуласының моделі

пириндік сақинаның алтыншы көміртек атомында орналасқан азот пен оттектің және пиримидиндік сақинаның алтыншы көміртек атомында орналасқан оттегі немесе азоттың арасында бола алады. Бір тізбек негіздерінің орналасу реті толығымен басқа тізбектегі негіздердің орналасуы алдын ала анықталады, өйткені бірінші тізбектегі аденинге – әрқашан тимин, гуанинге – цитозин, тиминге – аденин және цитозинге – гуанин сәйкес келеді. Гуанин мен цитозиннің жұбында цитозиннің 2-ші көміртек атомындағы азот арқылы үшінші сутектік көпіршікте өтеді (сурет 2) [4].

Соңғы онжылдықта осындай синтез зертханаларда жүзеге асырылды және өндіріс іске қосылды. Осылайша іске асырылатын инновациялық технологиялар генетикалық түрлендірілген организмдер болып табылады. Бұл синтез әдістері түрішілік крест кезінде, әрине, жетпейтін жолмен негізделген. Бұл технологиялық әдістерді жүргізу саласы – гендік инженерия. Ол кез келген тірі ағзаның арнайы генін басқа ағзаға шеңберлік молекула құрамында салуға мүмкіндік береді.

Жаңа сорттарын алу үрдісін жылдамдатуда айтарлықтай өз шығындарын азайту үшін және оның тұрақсыздық және көршілес гендердің өзара іс-қимыл, оның ішінде реттеуші кіріктірілген конструкциялары, айқындалатын негізінде болжамды жақсы нәтиже алу үшін биотехнологияны пайдаланады. Бұл генетикалық модифицирленген өсімдіктер мен алынған өнімдерді пайдалану әлеуетті тәуекелдерді пайда болуының объективті негізін жасайды [4].

Гендік инженерия өсіп-өнуіне, өлшеміне, қолайсыз жағдайларға қарсы тұра алатын және жақсы сақтауға мүмкіндік береді. Мысалы қызанақ пен құлпынай суыққа төзімді болу үшін оларға солтүстіктің балықтарының генін салады, сонымен қатар өліп қалған немесе басқа белгілері бойынша да. Қазіргі уақытта ауылшаруашылық зиянкестермен күресуде пестицидтерді және улы химикаттарды қолданады. Гендік инженерия жергілікті экожүйелерде табиғи тепе-теңдікті бұзатын және қоршаған ортаға орны толмас зиян әкелетін пестицидтер мен улы химикаттарды қолданған кезде болатын мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін модификация әдістерін ұсынып отыр.

ГМА – ның қауіпсіздігіне қарамастан, технология бірнеше мәселелерге толы. ГМА – ны ауылшаруашылығында қолдануға байланысты мамандар мен экологиялық қоғамның негізгі қауіптерінің бірі – табиғи экожүйенің бұзылуы болып табылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бірімжанов Б.А. Жалпы химия, Қаз. МҰУ, 2001, 744б.
- 2 Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия. М.: Высшая школа, 1981, 558б.
- 3 Грандберг И.И. Органическая химия, М.: 2001, 672б.
- 4 Коровин Н.В. Общая химия, М.: Высшая школа, 2005, 558б.
- 5 «Генетически-модифицированные организмы»// Наука и жизнь / В.Кузнецов, А.Баранов, В.Лебедев. № 6, 2008.
- 6 В.Закревский Генно-модифицированные продукты. Опасно или нет? / - БХВ – Петербург, 2006.

С. А. Тулепбергенова, Ф.Ж. Абилканова, Б.Х. Исанова

Модификация как фактор качественных изменений в живой, так и неживой природе

Аннотация. В статье приведены статические и динамические виды модификации и влияние их на свойства веществ и организмов. Рассмотрены некоторые вопросы использования ГМО в сельском хозяйстве с точки зрения возможности разрушения естественных экосистем.

Ключевые слова: модификация, полимеры, ДНК, генноинженерия

S.A. Tulepbergenova, F.Zh. Abilkanova, B.H. Issanova

Modification as a factor of quality of change for the alive after all inanimate nature

Annotation. The article considers statistical and dynamical modifications of the types, properties, and discusses their influence on organisms. Some aspects of GMO use in agriculture are considered from the point of view of destruction of natural ecosystems.

Key words: modification, polimers, DNA, henna engineering

Раздел 6 | **Экономика.
Общеобразовательные
и фундаментальные
дисциплины**

УДК 656.07:338.47

А.Ш. ШАЙМАРДАН

(Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Теміртау қаласы, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАНДА ЛОГИСТИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МЕН ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Андатпа. Мақалада Қазақстанның көлік-логистикалық жүйесін дамыту мен жетілдірудің қазіргі заманғы тенденцияларының мәселелері қарастырылған. Мақалада логистикалық жүйені дамытудың маңыздылығына мән берілген. Логистика – индустриалдық дамудың өзіндік катализаторы болып табылады. Ал оны жетілдіру мемлекетаралық интеграцияны құраушы тірек болмақ. Қазақстан да әр түрлі интеграциялық үдерістердің белсенді жақтаушысы, оның геосаяси және экономикалық ресурстары транзиттік әлеуеті табысты іске асыруға мүмкіндік береді. Мақалада көліктік-логистикалық орталықтар құруды зерттеу міндеті қойылған. Сондай-ақ, елдің көліктік-логистикалық жүйені қалыптастыру әлеуетіне талдау жасалған. Аймақтың көліктік-логистикалық жүйесінің ерекшелігі анықталып, негізгі жай-күйі зерттелді.

Түйін сөздер: логистика, логистика нарығы, көліктік-логистикалық жүйе, логистиканың дамуы, логистика нарығындағы проблемалар, көліктік-логистикалық инфрақұрылым, көлік-логистикалық орталық, логистиканың даму тұжырымдамасы

Өздеріңізге белгілі, территориясының көлемі жағынан Қазақстан әлемде тоғызыншы орында. Еуропа мен Азияның тоғысқан шебінде, еуразия құрлығының дәл жүрегінде тұрып, біздің ел жоғары транзиттік әлеуетке ие.

Қазақстан автомобиль желілері және темір жолдары, әуе трассалары, сондай-ақ Ақтау қ. Каспий теңізіндегі стратегиялық маңызды порттарды иелене отырып, Қазақстан еуразиялық үздіксіз көлік қатынасын қамтамасыз ету үшін қолда бар ұлттық транзиттік ресурстарды іске асыруға қабілетті [1].

Қазақстанда логистиканың даму тұжырымдамасы мен тенденцияларына тоқталмас бұрын елімізде логистиканың дамуына кедергі келтіретін жағдайларды қарастырайық.

Логистика нарығындағы проблемалар:

– ҚР логистика нарығындағы негізгі проблемаларының бірі инфрақұрылымның жоқ болуы;

– Жолдардың тозуы. Автокөлік инфрақұрылымының көп бөлігі берілген мерзімнен тыс пайдаланылады;

– Республикада темір жол желісі жақсы дамымаған, темір жол саласындағы негізгі құралдардың тозуы жоғарлауда;

– Жылжымалы жолаушы құрамының жетіспеуі, төмен деңгейлі қызмет көрсету және бәсекелестіктің жоқтығы, темір жол көлігін жаңартуға және дамытуға қаражаттың аз бөлінуі;

– Азаматтық авиация саласындағы негізгі мәселе халықаралық стандарттарға сай келмейтін аймақтық әуе кемелері паркінің тозуы;

– Су көлігі саласында порттық инфрақұрылымның қуаттылығының аздығы, қызмет көрсету инфрақұрылымының нашар дамуы, жоғары мамандандырылған отандық мамандардың жетіспеуі;

– Логистика саласына инвестиция тарту қиын [2].

Қазақстанның логистика нарығы салаға инвестиция тарту тұрғысынан тартымды. Қазақстан нарығына логистикалық компаниялары бар сапалы түрде қызмет көрсететін шетел операторларының кіруі күтілуде. Сонымен қатар ірі шетел компаниясына Қазақстанның

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

логистика нарығына кіруіне кедергі жасайтын бірнеше факторлар бар. Шетелдік инвесторға аутсоринг шартында логистикалық инфрақұрылымды дамыту географиялық ерекшеліктерге байланысты тиімді болып көрінбейді. Мысалы, Алматыдан Астанаға тауарды тасымалдау қымбаттау келеді, себебі логистикалық тізбекте ірі елді мекендер жоқ, жол жөнекей тауарларды жеткізе алмаймыз. Сонымен қатар компания үшін аса маңызды шарттардың бірі логистикалық қызметтердің бағасы болып табылады. Шетел операторында логистикалық қызметтердің бағасы жоғары, бірақ сапасы жақсы болады. Сондықтан бағасы мен сапасының ортасын табу керек. Ірі шетел операторының логистика нарығына келуінің кемшіліктері болғанымен, артықшылығы да өте зор. Ол логистика нарығының дамуын тездететін ғана емес бүкіл бизнес пен жалпы экономиканың дамуын күшейтетін халықаралық стандартқа сай инновациялық технологиялардың келуі. Қазақстан Республикасында логистикалық қызметтің кәсіби нарығы енді дами бастады және де оның қарқынды дамуы күтілуде. Бұл келесі себептерге байланысты:

- Өздерінің сақтау қоймалары жоқ шағын және ірі компаниялардың А классты аутсорингтік логистика нарығына сұраныстың жоғарлауы байқалуда

- Индустриалды-инновациялық кәсіпорындардың жаңа қоймаларының қаладан тыс жерге ауыстырылуы немесе жаңадан салынуы

- Логистикалық қызметтерге сұраныстың жоғарлауы, біріншіден, аймақтардағы А және В классты қоймаларға және олардың жеке компаниялармен мемлекеттің араласуынсыз бірігіп салынуы

- Мемлекетте жүк айналымының жылдық өсімі логистикалық қызметтерге сұраныспен анықталады.

- Толыққанды логистикалық қызмет нарығының жоқтығы, жүк тасымалы, экспедиторлық қызметтер, жетілмеген қойма шаруашылығы сияқты логистиканың жеке элементтердің болуы

- Аймақтарда логистикалық қызмет нарығына сұраныс болады, ол қазіргі заманға сай қоймалар мен терминалдар кешені жоқ аймақтардағы компанияның логистикалық қызметінің кеңеюіне әкеледі.

Жалпы логистика компания арқылы мемлекеттің бәсекелестікке қабілеттілігін көрсететін экономиканы дамытудың маңызды мәселелеріне көңіл аударады. Уақыт өте келе логистика нарығының маңыздылығы одан әрі арта түсетіні сөзсіз. Осыған мемлекет қалай қарайтыны біріншіден компанияға байланысты. Қазақстанның жеке бизнесі әлі де логистика нарығындағы үлкен инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға дайын емес. Сондықтан да мемлекет логистика нарығындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін жеке бизнесті ынталандырып, сонымен қатар оған мемлекет өзі де белсенді қатысуы керек [3].

Бүгінгі күні алдағы келе жатқан ЭКСПО-ның өткізілуі және де «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық жолының салынуымен байланысты логистиканың даму мүмкіндіктері артуда.

Логистика – экономиканың қозғаушысы десек те болады. Бұл қарыштап дамып келе жатқан мемлекетке жат емес. Көптеген ғалымдардың айтуынша Қазақстандағы логистиканың даму потенциалы жоғары. Оған еліміздің географиялық және геосаяси жағдайлары мүмкіндік береді.

2017-жылы Астанада өтетін ЭКСПО-2017 елімізге көптеген транспорттық дәліздер ашады деп болжануда, Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық магистралі Қазақстанмен шетел арасындағы тауар айналымын көбейтеді.

Бұл Қазақстан үшін үлкен мүмкіндік. Өйткені, Қазақстан Еуропа мен Азияны байланыстырушы дәліз, яғни жүк тасымалын қамтамасыз етуші. Алдағы даму жоспарларына байланысты көптеген отандық эксперттер логистикалық қызмет көрсетулерді жоғарғы әлемдік стандарттарға сай етіп дайындауды қазірден бастап ойластыруда, тіпті елбасымыздың соңғы жылдардағы жолдауларында логистикаға айрықша көңіл бөлінген.

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

Еліміздің көліктік-логистикалық жүйесін дамытудың маңыздылығы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өтілді.

Бұл Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н. А. Назарбаев экономиканың ұзақ мерзімді мамандануының негізгі жеті кластерін анықтай берді. Олардың ішінде көліктік логистика да бар. Көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту бойынша былай: «Көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Ол макроөңірлерді хабтар қағидаты бойынша қалыптастыру аясында жүзеге асырылатын болады. Оның үстіне, инфрақұрылымдық қаңқа Астанамен және макроөңірлерді магистралды автомобиль, теміржол және әуе жолдарымен шұғыла қағидаты бойынша өзара байланыстырады. Бірінші кезекте, негізгі автожолдар жобасын жүзеге асыру қажет. Бұлар Батыс Қытай – Батыс Еуропа; Астана – Алматы; Астана – Өскемен; Астана – Ақтөбе – Атырау; Алматы – Өскемен; Қарағанды – Жезқазған – Қызылорда; Атырау – Астрахань.

Сондай-ақ, елдің шығысында логистикалық торап және батысында теңіз инфрақұрылымын құруды жалғастыру қажет. Батыс бағытта Каспий порты арқылы экспорттық әлеуетті арттыруға Құрық портынан ауқымды паромдық өткелі және Боржақты – Ерсай теміржол желісі ықпал ететін болады. Үкіметке Қытайдың, Иранның, Ресей мен ЕО елдерінің «кұрғақ» және теңіз порттарында терминалдық қуаттар салу немесе жалға алу мәселесін ойластыруды тапсырамын», – делінген [4].

Осы тапсырма келесі жылда өз жалғасын тауып, жүзеге асырылып өз нәтижесін де бере бастады. Ол туралы Елбасы өзінің «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты 2015 жылдың 30 қарашасындағы Қазақстан халқына Жолдауында «Макроөңірлер «Нұрлы Жол» бағдарламасы шеңберінде құрылатын біртұтас көліктік, логистикалық және коммуникациялық құрылым аясында бірігулері тиіс. Қазіргі кезде «Орталық – Оңтүстік», «Орталық – Шығыс», «Орталық –Батыс» шешуші бағыттары бойынша 11 жоба жүзеге асырылуда. «Боржақты – Ерсай», «Алматы – Шу» теміржол желілері мен Құрық портындағы паромдық өткел құрылыстары жүргізілуде. Бұл жобалар қазірдің өзінде 72 мың адамды жұмыспен қамтып отыр» – деп аталған бағдарламалардың жүзеге асыру ісін белсенді ете түсуді Үкіметке тапсырған [5].

Сарапшылардың пікірінше, логистиканың арқасында Кедендік одаққа мүше-елдерде ЖІӨ-нің 10-12%-ы құрылады. ЕО елдерінде бұл көрсеткіш 20-25% - ды құрайды. Логистика үшін бірінші кезекте түпкі өнімнің құнындағы логистикалық шығындарды төмендету маңызды. Бүгінгі таңда Кедендік одаққа мүше-елдерде түпкі өнімнің құнындағы логистикалық шығындардың үлесі және әзірше жоғары қалыпта қалуда және орташа есеппен 20-25% – ды құрайды, ал кейде 35% – ға дейін жетеді. Соған қарамастан бұл көрсеткіштің орташа әлемдік деңгейі 11%, Қытайда – 14%, ЕО елдерінде – 11%, АҚШ-та және Канадада – 10% [6].

Қазіргі уақытта елімізде көлік кешені реформалау және көлік-логистикалық жүйе құру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын 2020 жылға дейін интеграциялау мен дамытудың бірінші инновациялық Мемлекеттік Бағдарламасы 2013 жылы қабылданған болатын. Бағдарламаның басты мақсаты – республика аумағы бойынша жер, теңіз және әуе көліктерінің барлық түрлерінің жұмысын үйлестіру және жүк ағындарын ұлғайту, ел ішінде жоғары және тиімді көлік байланысын қамтамасыз ететін Қазақстан аумағында қазіргі заманғы көліктік-логистикалық жүйесін құру болып табылады. Сондай-ақ, көліктік-логистикалық жүйенің даму стратегиясын құру бойынша жұмыс жүргізілуде [7].

Көлік инфрақұрылымының дамуы елдің экономикалық өсуінің маңызды факторлардың бірі екендігін түсіне отырып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев "Стратегия "Қазақстан-2050" атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан аумағынан тыс көліктік-логистикалық объектілерді қоса алғанда қазіргі заманғы көлік-логистикалық жүйесін (КЛЖ) қалыптастыру қажеттілігін нақтылап берді.

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

Қазақстанның КЛЖ дамытудың үш негізгі басым бағыттары мен міндеттері мынадай:

- транзиттік әлеуетін іске асыру бойынша міндеттер;
- жолаушылар тасымалын дамыту бойынша міндеттер;
- экономиканың ішкі қажеттілігін және экспортты дамыту бойынша міндеттер [8].

2020 және 2050 жж. Бағдарламалар аясында көліктік-логистическим орталықтар (КЛО) желісін құру жобасын іске асыру басталады. Құрылыстың бірінші кезеңі Астана, Павлодар, Шымкент, Ақтау және Атырауда басталып, 2020 жылы олардың саны 34-ке дейін ұлғаяды деп күтілуде.

Ел аумағында логистикалық жүйесінің үйлесімді құрылымын қалыптастыру мақсатына жету үшін логистикалық объектілерді көлік жүйелерінің жұмыстары мен тауар ағындарын қызмет көрсету деңгейі бойынша саралау қажет. Болжам бойынша, жүйенің негізгі логистикалық объектілері әр түрлі көліктік-логистикалық орталықтар, кластерлер, қоймалық кешендер болады. Бұл ретте көліктік-логистикалық орталықтар құру екі негізгі тәсілді пайдалана отырып жүзеге асырылады:

- "нөлден" логистикалық орталық салу — нарықта жер учаскесін іздеу (сатып алу) және одан әрі кешен құрылысын жүргізу;
- қолданыстағы өнеркәсіптік немесе қоймалық жылжымайтын мүліктерді заманауи логистикалық орталықтар ретінде жаңғырту (қайта жабдықтау) [9].

Қазақстанның логистикалық жүйесі логистикалық орталықтар жиынтығын қамтиды. Салалық мамандануға байланысты көлік-логистикалық орталық (КЛО) қалыптасатын болады. Сонымен бірге көтерме-логистикалық (сауда) және көпбейінді логистикалық орталықтарды дамыту қажет.

Мәселе көп деңгейлі аймақтық логистикалық жүйенің логистикалық инфрақұрылымының даму стратегиясы туралы болып отыр: өңірлік көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды; Қазақстан аумағындағы халықаралық көлік дәліздеріне тартылған аймақтарда логистикалық инфрақұрылымды дамыту; сауда аймақтарында логистикалық инфрақұрылымды дамыту; кәсіпорындарда логистикалық инфрақұрылымды дамыту.

ҚР-ның сауда және логистика секторының алдында тұрған проблемаларды талдау, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді ескере отырып, стратегия мақсатына қарай Қазақстанда логистиканың дамуының негізгі бағыттары мынадай:

1. Өңірлік көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту ел ішінде және шекара маңындағы ірі көлік тораптарында жалпы пайдаланымдағы КЛО құруды көздейді.
2. Өңірлерде сауданың логистикалық инфрақұрылымын дамыту тұтынушылық тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер саудасының көтерме сауда-логистикалық орталықтарын құру және дамытуды білдіреді.
3. Шетелдік сауда-логистикалық орталықтарды құру және дамыту.
4. Кедендік-сервистік фирмалар базасында логистикалық орталықтар жүйесін құру және дамыту.
5. Экономиканың түрлі салаларының, ең алдымен, өнеркәсіп және АӨК кәсіпорындарының логистикалық инфрақұрылымдарын кеңейту және қайта жаңарту [10].

Қазақстанда көлік инфрақұрылымын жетілдіру елдің негізгі көлік тораптарында бірнеше КЛО ашуды көздейді: теңіз торабында "Батыс қақпасы" (Кавказ және Оңтүстік Еуропаға шығатын Ақтау теңіз порты); құрлықта "Шығыс қақпасы" (Достық станциясы, болашақтағы ТМД және ЕО елдеріне шығатын Қорғас бекеті); "Орталық қақпасы" (Қарағанды к.); "Солтүстік қақпасы" (Алтай өлкесі мен Сібірге шығатын Семей); "Оңтүстік қақпасы" (Орталық Азия елдеріне шығатын Шымкент) және "Батыс қақпасы" (ТМД, Балтық елдері және ЕО шығатын Ақтөбе) [11].

Үкімет Қазақстан аумағында барлығы 34 ірі КЛО қалыптастыруды ұсынып отыр, оның ішінде жүк тасымалдау қуаты бойынша 4-халықаралық, 12-өңірлік деңгейдегі және 18-орта деңгейде болмақ.

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

Сонымен қатар, бүгінгі таңда Қазақстанның көлік саласында концессиялық негізде Қазақстанның бірқатар инфрақұрылымдық жобаларын іске асыруда мемлекеттік-жеке серіктестік шеңберінде шетелдік компаниялардың қызмет етуіне қолайлы жағдай жасалған.

Әлемнің 100-ден астам елінде қолданылған жобаларды концессиялық негізде жүзеге асыру тетігі Қазақстанда алғаш рет көлік саласында қолданылды. 2006 жылы "Концессиялар туралы" Заң қабылданған, ал 2008 жылы темір жол саласында алғашқы «пилоттық» жоба "Шар – Өскемен" жаңа темір жолы салынды [6].

ЕҚДБ сарапшыларының пікірі бойынша осы "Концессия туралы" заң ТМД және Еуропа елдерінің арасындағы ең озық заң болып табылады.

Негізгі Инвестициялық жобалар:

1) "Астана - Қарағанды" учаскесін қайта жаңарту (ұзындығы 238 км 4-жолақты I техникалық категория, құны – \$895 млн);

2) "Алматы – Қапшағай" учаскесін қайта жаңарту, (ұзындығы – 104 км, 4 және 6 жолақты қозғалысы бар I техникалық категория, құны – \$429 млн);

3) «Ташкент – Шымкент – Жамбыл облысы шекарасы» учаскесін қайта жаңарту (ұзындығы – 209,3 км, 4-жолақты I техникалық категория, құны – \$818 млн);

4) "Астана – Щучинск" учаскесін пайдалануда интеллектуалды-көліктік және төлем жүйесін (ИКТЖ) енгізу (ұзындығы 237 км, 6 жолақты қозғалысы бар"-I техникалық категория, ИКТЖ құрылғылар құны – \$137,3 млн);

5) Алматы – Қорғас учаскесін қайта жаңарту (ұзындығы - 301 км (I-санатты, 4 қозғалыс жолағы бар). Қайта жаңарту құны – 169 млрд теңге.

Тұтастай алғанда, елдің бірыңғай экономикалық кеңістігінің дамуы Қазақстанның әр аймағының көлік инфрақұрылымының даму дәрежесіне байланысты [7].

Сөз соңында айта кетейік, жаңа "Нұрлы Жол" экономикалық саясаты - таяу жылдардағы біздің экономикамыздың қозғаушы күшіне айналады. Қазақстандықтар салған жаңа магистральдар біздің қоғамымыз бен экономикамызды жаңартады. Олар орталықты еліміздің түкпір-түкпірімен байланыстырады. Жүк тасымалдары жеделдейді және ұлғаяды. Біздің ел арқылы өтетін транзит көлемі артады. Біздің азаматтарымыз заманауи және сапалы автомагистральдармен жүріп, кез келген аймаққа қауіпсіз және тез жететін болады. Әлеуметтік инфрақұрылым жақсартады, жаңа және заманауи мектептер мен ауруханалар жоғары сапалы қызметтер көрсетеді. Нәтижесінде бұл әрбір қазақстандықтың өмір сүру әлауқаты мен сапасына ықпал етеді. Ал ең бастысы – осының бәрі біздің жерімізде болашақ ұрпақтың байлығы ретінде қалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Лавриненко Ю. Транзитный потенциал Казахстана и пути сотрудничества с соседними государствами // Экономист. – 2003. – №11. – С.36-40.

2 Современные проблемы транспортной логистики в Казахстане // Молодежный научный форум: Технические и математические науки: электр. сб. ст. по материалам XXXIX студ. междунар. заочной науч.-практ. конф. — М.: «МЦНО». — 2016 —№ 10(39) / [Электронный ресурс] - Режим доступа. – URL: [http://nauchforum.ru/archive/MNF_tech/10\(39\).pdf](http://nauchforum.ru/archive/MNF_tech/10(39).pdf).

3 Джонсон Дж. С. Современная логистика. -М., СПб., Киев: Вильямс, 2005 — 386 с.

4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. / [ЭР] - Режим доступа: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K14002014_2.

5 «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2015 жылғы 30 қараша // [ЭР]. Режим доступа: online.zakon.kz.

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

6 Базовый курс ЭСКАТО ООН «Транспорт и логистика», учебное пособие ESCAP, 2010.

7 «Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1263 қаулысы / [ЭР] - Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001263>.

8 Назарбаев Н.А. Программа «Стратегия «Казахстан - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства // [ЭР]. Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>.

9 Савенкова Т.И. Логистика: Учеб. пособие — М.: Омега, 2008.- 225 с.

10 Раимбеков Ж.С. Предпосылки формирования региональных логистических центров Казахстана// Железнодорожный транспорт Казахстана: история и перспективы экономического роста: Материалы междунар. науч.- практ. конф.: В 2 т. Т. 1. — Алматы, 2004. — С. 275-281.

11 Шамакова Н.Г. Состояние и дальнейшее развитие транспортно- логистической системы РК // Материалы международной научно-практической конференции «Евразийская экономическая интеграция: экономические, правовые и социальные аспекты», 2015 год. – с. 112-116.

А.Ш. Шаймардан

Тенденции и концепция развития логистической системы Казахстана

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы современных тенденций развития и совершенствования транспортно-логистические системы Казахстана. В статье дается значение на важность развития логистическую систему. Логистика – своеобразный катализатор индустриального развития, и ее совершенствование имеет огромное значение для любой страны. Этот процесс является тем столпом, на котором строится межгосударственная интеграция. И Казахстан, активный сторонник различных интеграционных процессов, обладает важным преимуществом – его геополитический и экономический ресурсы позволяют успешно реализовывать транзитный потенциал. В статье ставится задача исследования создание транспортно-логистических центров. Также дан анализ потенциала формирования транспортно-логистической системы страны. Определена специфика и изучено состояние основных транспортно-логистической систем региона.

Ключевые слова: логистика, рынок логистики, транспортно-логистическая система, развитие логистики, проблемы на рынке логистики, транспортно-логистической инфраструктуры, транспортно-логистический центр, концепция развития логистики.

A. SHaimardan

Trends and concept development of the logistics system of Kazakhstan

Abstract. This article discusses the current trends of development and improvement of transport and logistics system of Kazakhstan. The article gives value to the importance of developing logistics system. Logistics is a sort of catalyst for industrial development, and its improvement is of great importance for any country. This process is the pillar on which to build inter-state integration. Kazakhstan, an active supporter of various integration processes, has an important advantage – its geopolitical and economic resources to successfully implementing transit potential. The article seeks to study the creation of transport-logistics centers. Also the analysis of the potential formation of transport-logistics system of the country. The specificity and studied the state of the main transport and logistics systems in the region.

Key words: logistics, the logistics market, transport and logistics system, the development of logistics, problems in the logistics market, transport and logistics infrastructure, transport and logistics center, the concept of development of logistics.

УДК 346.26

¹Е.П. ФЕТ, ²П.А. ГУБИН, ¹Н.В. ФЕДОТОВА

(¹Карагандинский государственный индустриальный университет, г. Темиртау, Казахстан;
²Санкт-Петербургский гуманитарный университет профсоюзов, г. Санкт-Петербург, Россия)

ВЕДЕНИЕ БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ (ПО МАТЕРИАЛАМ ВСЕМИРНОГО БАНКА)

Аннотация. В статье рассматриваются условия ведения бизнеса в Казахстане. Проанализирован рейтинг благоприятности ведения бизнеса в пяти странах – участницах Евразийского Союза в рамках проекта «Ведение бизнеса», реализуемого Всемирным банком. Рейтинг стран рассчитывается по 11 показателям деятельности малого и среднего бизнеса. Для этого Всемирный банк проводит количественный сбор и анализ данных по 189 странам мира. Определено, что по Казахстану улучшилось свое положение в общем на 102 пункта.

Ключевые слова: ведение бизнеса, Всемирный банк, Евразийский Союз, рейтинг благоприятности.

В докладе Всемирного Банка «Ведение бизнеса 2017» отмечено, что Казахстан наряду с Брунеем, Кенией, Беларусью, Индонезией, Сербией, Грузией, Пакистаном, Объединенными Арабскими Эмиратами и Бахрейном входит в число стран, которые за 2015/2016 годы достигли наилучших результатов по улучшению показателей ведения бизнеса. В общей сложности эти страны-лидеры по степени улучшения провели 48 регуляторных реформ, направленных на улучшение предпринимательской среды.

В данной статье проведем сравнительный анализ ведения бизнеса в Казахстане относительно стран-членов Евразийского Союза

С 2002 года Всемирный банк занимается осуществлением проекта, известного под названием «Ведение бизнеса». В нем рассчитывается рейтинг стран по 11 показателям деятельности малого и среднего бизнеса.

Для достижения цели реализуемого проекта – объективной оценки как нормативно – правовых актов, имеющих отношение к предпринимательству, так и их соблюдения, Всемирный банк по 189 странам мира проводит количественный сбор и анализ данных. Это позволяет определять в каких условиях осуществляется и регулируется деятельность предпринимателей, прослеживая динамику развития и изменения в рейтингах.

Методика исследования «Ведение бизнеса» и типовая модель анализа затрат являются единственными типовыми инструментами, применяемыми в самых разных странах для оценки влияния нормотворчества государств на деятельность предприятий [1].

Каждой стране присваивается соответствующая позиция в рейтинге благоприятности условий ведения бизнеса. Рейтинг имеет 189 позиций. Чем выше позиция страны в рейтинге благоприятности условий ведения бизнеса, тем благоприятнее предпринимательская среда для открытия и функционирования предприятия. Позиция каждой страны по рейтингу благоприятности условий для ведения бизнеса определяется посредством упорядочивания совокупной оценки, полученной той или иной страной по показателю удаленности от передового рубежа по десяти направлениям. Каждое из направлений состоит из нескольких показателей, имеющих равное значение для индикатора [1].

Из общей таблицы были выведены рейтинги для 5 стран – участниц Евразийского Союза (табл.1). Судя по таблице, наиболее благоприятные условия для ведения бизнеса зафиксированы в Армении (35 место), наихудшие – в Кыргызстане (67 место). Легче всего зарегистрировать предприятия в Армении и Белоруссии, получить разрешение на

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

строительство проблематично везде, особенно в России (119 место), зато там проще подключиться к системе электроснабжения (29 место). Что касается регистрации собственности, то во всех пяти странах сделать это не сложно, труднее всего в Казахстане, проще в Кыргызстане, Белоруссии и России. Кредит получить очень сложно в Белоруссии (109 место), проще всего в Кыргызстане (28 место). Наиболее защищены инвесторы в Казахстане, наименее – в России (66 место). С условиями налогообложения предпринимательства проще всего дела обстоят в Казахстане (18 место), очень плохо в Кыргызстане (138 место). Осуществлять международную торговлю легче в Армении и Белоруссии, гораздо труднее в Казахстане и России. Исполнение контрактов более полно обеспечивается в России и Казахстане (соответственно 5 и 9 места), и почти не обеспечивается в Кыргызстане. Проблемы неплатежеспособности везде решаются непросто, особенно трудно в Кыргызстане (126 место).

В общем можно констатировать, что во всех пяти странах условия более или менее сравнимы (за исключением некоторых показателей).

Таблица 1. Рейтинг благоприятности ведения бизнеса в странах Евразийского Союза [2]

Страна	Рейтинг легкость ведения бизнеса	Регистрация предприятий	Получение разрешения на строительство	Подключение к системе электроснабжения	Регистрация собственности	Получение кредитов	Защита миноритарных инвесторов	Налогообложение	Международная торговля	Обеспечение исполнения контрактов	Разрешение неплатежеспособности
Армения	35	5	62	99	14	42	49	41	29	28	71
Казахстан	41	21	92	71	19	70	25	18	122	9	47
Беларусь	44	12	34	89	7	109	57	63	25	29	69
Российская Федерация	51	41	119	29	8	42	66	47	170	5	51
Кыргызстан	67	35	20	160	6	28	36	138	83	137	126
Армения	35	5	62	99	14	42	49	41	29	28	71

Для справки, первое место в рейтинге закономерно принадлежит Сингапуру, второе принадлежит Новой Зеландии, третье занимает Дания, а последнее занимает страна Эритрея (государство в Северо-Восточной Африке).

Таблица 2. Изменения в рейтингах по странам за 2015-2016 гг.

Страна	Ведение бизнеса Рейтинг 2016	Ведение бизнеса Рейтинг 2015	Изменение в рейтинге	Ведение бизнеса (%пунктов*) 2016	Ведение бизнеса (%пунктов) 2015	Изменение в показателе передового рубежа (%пунктов)
Армения	35	38	+3	74,22	72,68	+1,54
Казахстан	41	53	+12	72,68	69,34	+3,34
Беларусь	44	43	-1	72,33	71,79	+0,54
Российская Федерация	51	54	+3	70,99	69,26	+1,73
Кыргызстан	67	67	0	66,01	65,40	+0,61
Армения	35	38	+3	74,22	72,68	+1,54

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

*Удаленность каждой страны от «передового рубежа» измеряется по шкале от 0 до 100, где 0 представляет наихудший результат, а 100 представляет «передовой рубеж» [3].

Как показывает анализ изменения рейтинга за год, наиболее существенный скачок сделал Казахстан, переместившись с 53 места на 41, наихудший показатель в Белоруссии, она опустилась на одно место. Соответственно и изменение в показателе передового рубежа наилучшее в Казахстане (улучшился на 3,34).

Анализ изменений рейтинга стран по темам (см. табл. 3) показал, что Казахстан улучшил свое положение в общем на 102 пункта, Россия соответственно – на 27, Армения – на 31, а Кыргызстан ухудшил на 2. Наибольшее изменение в положительную сторону произошло по показателю регистрация предприятий – в совокупности по пяти странам он улучшился на 43, а вот по налогообложению ситуация по странам изменилась мало, а в общем даже ухудшилась на 1 пункт.

Таблица 3. Изменения по странам и темам рейтинга за год**

Темы	Изменения в рейтинге					Изменение по темам
	Армения	Беларусь	Казахстан	Россия	Кыргызстан	
Регистрация предприятий	-2	+27	+32	-7	-7	+43
Получение разрешений на строительство	+10	0	+8	-2	0	+16
Подключение к системе электроснабжения	-3	-4	-3	24	+1	+15
Регистрация собственности	0	-1	+6	0	+1	+6
Получение кредитов	-6	-4	+1	19	+8	+18
Защита миноритарных инвесторов	-3	-3	+39	-2	-3	+28
Налогообложение	0	-3	-1	3	0	-1
Международная торговля	+29	0	-1	-1	-1	+26
Обеспечение исполнения контрактов	+8	0	+5	0	-1	+12
Разрешение неплатежеспособности	-2	-1	+16	-7	0	+6
Общее изменение по странам	+31	+11	+102	+27	-2	+169

** – таблица составлена авторами по данным [4-8]

Анализ показал, что быстрее всего зарегистрировать предприятие в Армении, для этого необходимо пройти всего 2 процедуры, для чего понадобится 3 дня. Труднее всего зарегистрировать предприятие, естественно, в Москве, для этого необходимо 12 дней, за которые надо осуществить пять процедур.

Таблица 4. Регистрация предприятий по странам

Индикатор	Изменения в рейтинге				
	Армения	Беларусь	Казахстан	Кыргызстан	Россия Москва/С-Пб

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

Процедуры (количество)*	2	3	4	4	5/3
Время (дней)**	3	3	5	10	12/7
Стоимость (% от дохода на душу населения)***	1	0,9	0,1	2,1	1,2/1
Минимальный уставной капитал (% от дохода на душу населения)****	0	0	0,0	0	0/0

* – Общее число процедур, которые требуется пройти для регистрации компании.

** – Общее число дней, требуемое для регистрации компании учреждениями и при отсутствии дополнительных платежей.

*** – Затраты рассчитываются как процент от дохода на душу населения в стране. Они включают все официальные платежи и гонорары за юридические и другие профессиональные услуги, если такие услуги обязательны по закону.

**** – Сумма средств, которую предприниматель обязан депонировать в банке или у нотариуса перед началом процесса регистрации и на протяжении 3 месяцев после его завершения и которая рассчитывается как процент от дохода на душу населения в стране.

Таким образом, сухой язык цифр данных проекта «Ведение бизнеса» свидетельствует, что страны Евразийского Союза находятся примерно в двух группах: наиболее комфортное ведение бизнеса в Армении, Казахстане и Белоруссии (35, 41 и 44 места соответственно), наименее комфортное ведение бизнеса наблюдается в России и Кыргызтане (51 и 67 места).

В заключение следует отметить, что, несмотря на такие показатели, последние годы в целом для экономики Казахстана были и остаются достаточно сложными, что естественно сказалось и на развитии бизнеса в стране. В 2015 г. количество зарегистрированных субъектов малого и среднего бизнеса в Казахстане снизилось до 1530 тыс. ед., что составляет 92,4% от показателя прошлого года [9]. Снижение количества субъектов малого и среднего бизнеса произошло в большей части за счет сокращения количества индивидуальных предпринимателей в стране. Несомненно, такое положение дел является очень тревожным. Налицо несоответствие – улучшение показателей благоприятности ведения бизнеса и одновременное снижение количества индивидуальных предпринимателей в стране.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

Аңдатпа. Мақала күнделікті өміріміздің құрамдас бөлігіне айналған ғаламтор және басқа да ақпарат көздерінен жастардың өздеріне қажетті әрі пайдалы ақпараттарды тандап алуы жайындағы өзекті мәселеге арналады.

Түйін сөздер: ақпарат, ақпараттар ағыны, ғаламтор, ақпарат құндылығы, ақпарат қабылдау қабілеті, ақпарат қасиеті, қоғамдық жүйе, ақпарат құрылымы, ақыл-ой феномені.

Еліміз әлемдік кеңістікте өзінің саяси-экономикалық орнын нық айқындап, дамудың жаңа бағытына аяқ басқан кезде және ғаламтор жүйесінің дамуына байланысты ақпараттар тасқынына төтеп беру мәселесі туындаған кезде әркімнің өзіне пайдалы, қажетті әрі мәдени-рухани, зияткерлік, тұлғалық келбетін дамытып, қоғамдағы орнын айқындауға септігін тигізетін ақпараттарды тандап алу мүмкіндігіне жол ашумен қатар, оны талғамсыз қабылдауға да мәжбүр ететін жағдайлар туындап отыр. Қазірі кезде интернет жүйесін қолданбайтын адам, әсіресе жастар жоқ деуге болады. Ал ондай тасқынды қабылдап алуға жастарымыз дайын ба және оны талғап, тандап алатын өзіндік қорғаныш жүйесі немесе саяси-әлеуметтік, жекебасылық қызығушылығы қалыптасқан ба деген сұрақ туындайды. Біз осы мәселені қоя отырып, қазіргі жастардың ақпарат қабылдау ерекшеліктеріне аздан талдау жасағанды жөн көрдік.

Жалпылама түсінік бойынша, ақпарат дегеніміз нақты өмірді белгілермен немесе сигналдардың көмегімен бейнелену. Ал жекелеген жағдайда, ақпарат деп адамның қоршаған ортадан алатын мәліметтерінің жиынтығын айтамыз. Ақпарат термині латынның informatio – «түсіндіру, баяндау» деген сөзінен шыққан. Бізді қоршаған ортадағы сан алуан ақпаратты әр түрлі белгілеріне байланысты, мәселен, ақпараттың шығу арнасына қарай: 1) қарапайым; 2) биологиялық; 3) әлеуметтік ақпарат деген топтарға бөлуге болады. Қарапайым ақпарат жансыз табиғатта болып жатқан құбылыстар мен үдерістерді бейнелейтін болса, биологиялық ақпараттар өсімдіктер мен жануарлар әлеміндегі үдерістерді, ал әлеуметтік ақпарат қоғамдағы адам іс-әрекетіне қатысты түсініктердің барлығын қамтиды. Бізді қызықтырып отырғаны ақпараттың соңғы түрі болып табылады. Бұл ақпарат адамның практикалық өмір тіршілігімен тығыз байланысты, сондықтан ол адамның қоғамдық-әлеуметтік әрекеттерінің түрі мен типіне де қатысты болады. Сонымен бірге ақпаратты көрнекі бейнелер мен арнайы белгілер арқылы таратылатын визуальды түрде қабылдау; дыбыс арқылы аудиальды қабылдау; сезім мүшелері арқылы тактильді қабылдау; иіс және дәм арқылы органо-лептикалық қабылдау; есептеу техникаларының көмегімен машиналық қабылдау және тарату жолдары болады. Ғалымдардың дерегі бойынша, біз ақпараттың 81 % -ын көру арқылы, 10%- есту, 4%-ын иіскеу, 3%-ын дәм сезу арқылы аламыз. Сонымен қатар адамдардың жеке ақпарат қабылдау ерекшеліктері де болады. Мәселен, музыканттың басқаларға қарағанда есту қабілеті, суретшінің бір заттан басқа адамдар байқамайтын бір ерекше ақпаратты көру қабілеті ерекше болады. Сондай-ақ адамның ақпарат қабылдау қабілеті де әр түрлі болып келеді. Ждон Фон Нейманның есептеуінше, адамның миы 10²⁰ көлеміндегі ақпаратты сақтай алады. Орташа жағдайдың өзінде адам 30 томдық энциклопедия да жазылғанның бәрін меңгеріп, 5-6 тіл еркін меңеруге мүмкіндігі бар. Әлемде өздерінің таңғажайып қабілетімен танылған адамдар да бар. Мысалы, Расмус Кристман 230 тіл білген, шығыс ғұламасы Әл-Фараби 70 тілде сөйлеген; Карло Тальянини жылына 3-4 тіл

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

менгеріп отырған; Александр Македонский 30 мың әскерінің атын жатқа білген және түстей алған; Дана Нүрпейісова Құрманғазы бір-ақ рет тартқан күйді айнытпай орындап берген т.с.с. Яғни, қалыпты жағдайда адам өз миының 4 %-ын ғана қолданады, тіпті ғалымдардың өзі 7-8 %-ын ғана пайдаланады, қалғаны резервте болады.

Қазіргі ақпараттар тасқыны интернет желісінен ғана емес, басқа да көздерден толассыз беріліп жатқан жағдай күнделікті өміріміз ақпараттар ағынын қарқынды түрде қабылдауға мәжбүр етіп отырғандығы белгілі. Бұл құбылыс соңғы 10-15 жылдың ішінде әлемдік сипатқа еніп, кез келген елдің, кез келген тілде берілген сан түрлі мазмұндағы ақпараттарды әркім өз қалауынша қабылдауда. Мұндай жағдайда жастар өздерінің рухани және азаматтық-тұлғалық тұрғыдан өсуіне септігін тигізетін қажетті әрі пайдалы ақпараттарды саралап, таңдай ала ма деген сұрақ туындайды. Осы тұрғыдан келгенде, ақпараттың мазмұны, сапасы, құндылығы тәрізді мәселелер қоғамдағы өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. «Наиболее эффективен отбор и использование информации в социальной системе, где используется информация не только по вертикали (от родителей к детям, как в биологических системах), но и главным образом по горизонтали – как передачи опыта, знаний, умений и т.д. ... в этом и заключается феномен сознания» [1]. Осы себептен де ақпаратты қабылдап алуда жастарға бағыт-бағдар беріп, олардың күнделікті өміріне дағдысына айналатындай әрекеттердің қажеттілігі сөзсіз туындайды.

Кез келген ақиқат өмірдегі объектілерге тән ішкі және сыртқы қасиеттерін анықтауға болады. Сыртқы қасиеттер объектінің басқа объектілермен әсерлесу барысында анықталатын қасиеттер болғандықтан, ақпарат үшін маңызды сыртқы қасиеттер оны тұтынушы (қабылдағыш) көзқарасынан анықтайтын қасиеттер болып табылады. Ақпараттың аталған қасиеттерін объектілік және субъектілік қасиеті деп қарастыруға болады. Бұл – ақпараттың жеке көзқарастар мен талқылаудан тәуелсіздігін анықтайтын қасиет. Толықтық қасиеті болса ақпараттың объектіні немесе үрдісті толық мінездеу қасиеті. Бұл қасиет ақпараттың сапасын және оның қажетті шешім қабылдауға жеткіліктігін анықтайды. Өзектілік (дәлуақыттылық) қасиеті ақпараттық ағымдық уақыт мезетіне сәйкестік дәрежесін анықтайды. Бұл қасиет ақпараттың толықтығымен біріге отырып оның құндылығын анықтайды. Ақиқаттық қасиеті ақпаратта жасырын қателіктердің болмауын көрсететін қасиеті болып табылады. Ал ақпарат қабылдағыш алған уақытта белгілі мөлшерде «ақпараттық шуыл» болуы мүмкін, ол неғұрлым аз болса, ақпараттың ақиқаттығы жоғарылайды. Қатынау мүмкіндігі қасиеті пайдаланушының ақпаратты алу мүмкіндігі дәрежесін анықтайды. Ақпаратқа қатынау мүмкіндігінің жоқтығы оны қатынауға мүмкін емес етеді. Адекваттық қасиеті ақпараттың өзі бейнелейтін объектіге немесе құбылысқа, үрдіске бірмәнді сәйкестігін анықтайтын қасиет. Бұл қасиет ақиқаттық және қолданушы мұқтажына сәйкес келу қасиеттерімен анықталады. Эргономдық қасиеті белгілі қолданушы үшін ақпараттың пішімі мен көлемінің ықпалылық дәрежесін көрсетеді. Сонымен бірге ақпараттың ішкі қасиеттерінің маңыздылары оның ішкі құрылымы және көлемі (мөлшері) болып табылады. Ақпарат ішкі құрылымында мәліметтер немесе қарапайым логикалық реттелмеген мағлұматтар жиынтығы және де логикалық реттелген, ұйымдастырылған мәліметтер жиынтығы ретінде де қарастырылады.

Ақпаратты қоғамдық тұрғыдан жалпы және арнайы ақпарат деп екі топқа бөледі. Күнделікті өмірде қоршаған ортамыздан кездейсоқ немесе тіршілік үшін қабылдайтын ақпараттардың бәрі жалпы тұрмыстық деңгейдегі ақпараттар болса, адамның рухани кемелденуі, азаматтық позициядан жетілуі, мәдениеттілік тұрғысынан өсуіне арнайы ақпараттар – ғылыми және көркем өнер ақпараттар септігін тигізеді. Қазіргі жастардың Интернет желісінен қабылдап жатқан ақпараттары жүйесіз болғандықтан, тұрмыстық деңгейдегі ақпараттың санатына жатқызуға болады. Себебі, біздің жүргізген сауалнамамыздың нәтижесі көрсеткендей, әлеуметтік желіде 2 сағаттан аз студенттер отыратын студенттер саны 5 %-ды құрады; олар осы уақыттарының 80-нен астам пайызын

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

достарының жеке парақшаларын қызықтауға, бір-бірімен хат-хабарлама жазысуға, ал 20 пайызы сабақта берілген тапсырмалар бойынша ақпарат іздеуге арнайтындығын жеткізді. Демек, Интернет желісінен алынатын ақпаратты таңдауда оның құндылығы маңызды емес, күнделікті ермек ретінде «уақыт өлтіру» тұрғысынан пайдаланатыны белгілі болып отыр.

Ақпараттың құндылығы деген түсініктің өзі адамның алдына қойған мақсатымен және міндеттерімен тығыз қатынаста болатындықтан, оның маңыздылығы, өзектілігі, толықтығы, объективтілігі, адекваттылығы (шындыққа жанасымдылығы), қолжетімділігі тәрізді қасиеттерімен де ерекшеленеді. Мәселен, ертеңгі ауа райы бүгін және ертең маңызды болуы мүмкін, ал бүрсігүні ол ешкімді қызықтырмайды немесе физикалық заңдылықтар туралы толық мәліметті меңгеру техникалық мамандықтарда оқитын студенттер үшін өзекті болса, филологтар үшін ондай қажеттілік аса маңызды емес. Ақпарат құндылығының осындай қасиеттерін ескере келгенде, жан-жақты дамыған, болашақ кәсібінің шебері болатындай және қоғамдық қатынастарды гуманистік адами тұрғыдан саралап, өзіндік пікір білдіре алатындай дәрежеге жету үшін қажетті ақпараттарды таңдап, пайдалысын талғап, оны кәдеге жарата білетін жастарды тәрбиелеу қашан да өзектілігін жоймайды.

Заманауи бизнес әлемінде «Ақпаратты көп меңгерген адам ғана табысқа қол жеткізеді» деген аксиома бар. Бұл ғылыми және көркем өнер ақпараттарының бәрін де талғамсыз жинай беру дегенді емес, табысқа жеткісі келген тұлға өзіне қажеттісін саралап, ақыл-ой елегінен өткізіп, игілігіне жаратады дегенді білдіреді. Ғылыми ақпарат – ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде алынып, қоғам өмірінің кез-келген саласында пайдалануға болатын ақпарат. Ғылыми шығармашылық барысында өзекті мәселелерді тақырып етіп алу, зерттеу әдістерін таңдау және зерттеушінің тұлғалық келбетіне де байланысты болатындықтан, белгілі бір дәрежеде шығармашылық еркіндік болғанымен, ғылыми жұмыс табиғаттың объективті құбылыстарын талдау арқылы нәтижеге қол жеткізетіндіктен, онда субъективтік, жекебасылық немесе кездейсоқ факторлар болмайды. Ал көркем өнерде оған карама-қарсы сипатта болады: шығармашылық үдерістің соңғы нәтижесі автордың жекебасылық тәжірибесі, дүниеге деген көзқарасы мен танымы, субъективтік баға беруі, оның өмірі мен айналасынан алған әсері тәрізді алдын-ала болжап болмас көптеген мәселелердің жиынтығын құрайды. Сондықтан да көркем өнерде жаңа ақпараттардың пайда болу үдерісі үздіксіз жүріліп тұрады, ал ғылыми зерттеулерде табиғаттың өзінде бұрыннан бар ақпараттарды интерпретацияланатындықтан, жаңа ақпараттың жасалуы шектеулі болады. Ақпарат алудың осы екі жолының вербальдық сипатын салыстыратын болсақ, мысалы, сөз өнері үшін экспрессивтік-эмоциональдық сипаттағы сөздер, ырғақ, стильдік моделі тәрізді көптеген конструкциялар қолданылып, күрделенгенімен ғылыми мәтіндердегі күрделіліктерге қарағанда, қабылдауға әлдеқайда жеңіл болып келеді. Себебі көркем өнер ақпараты логикалық іс-әрекетін қамтамасыз ететін құрылымнан бұрын пайда болған психологиялық құрылымға бағытталатындықтан, ғылыми ақпаратқа қарағанда әлдеқайда қол жетімді. Ақпарат құндылығы жағынан бұл екі арна тең дәрежеде болғанымен, көркем өнер ақпараты сана-сезімге әсер етіп, әрі сақталуы да ұзағырақ болатындығымен ерекшеленеді. Бірде Альберт Эйнштейн Чарли Чаплинге былай жазады:

– Сіздің «Алтын дүрлікпесі» деген фильміңіз дүние жүзіне түсінікті, сіз міндетті түрде атақты адам боласыз.

Оған Чаплин мынадай жауап береді:

– Мен сізге тіптен де керемет таңданамын. Сіздің салыстырмалық теорияңызды әлемде әлі ешкім түсінбейді, бірақ сіз бәрі бір ұлы адам болдыңыз». Мұндағы айтпағымыз, ғылыми және көркем өнер ақпаратының қай-қайсысы да қоғамның дамуы үшін, адамның игілігі үшін маңызды, бірақ көркем өнер ақпаратын қабылдап алатын аудитория қашан да үлкен болады. Сондықтан қазіргі ақпараттар тасқынының заманында жастар өз уақыттарын тиімді пайдаланып, болашақ маман ретінде өздеріне «инвестиция салғылары» келсе, бірінші кезекте өнер туындыларын белгілі дәрежеде пайдаланып отырғаны абзал. Ал оқу үдерісінің

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

барысында ғылыми сипаттағы ақпараттар жеткілікті деңгейде берілетіндіктен, оны толықтырып, дамытып отыру қажеттілігі айтпаса да түсінікті.

Хакім Абайдың 15-ші қара сөзінде «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірінді қалай өткіздің екен екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзіңе өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» [2] дегені қазіргі ақпараттар тасқынында қалған жастар үшін де маңызды деп білеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Лотман Ю.М. Статьи по семиотике и типологии культуры: в 2т. – Таллин: Александра, 1992. – том I. – 248 с.

2 Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 156 б.

Н. Абдикарим, О. Рақымжан

Особенности овладения информацией современной молодежи

Аннотация. Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме – о способностях при выборе молодежью полезной и нужной информации из Интернета и других источников, являющиеся составной частью нашей повседневной жизни.

Ключевые слова: информация, информационный поток, интернет, ценность информации, способность восприятия информации, свойства информации, общественная система, структура информации, феномен сознания.

N. Abdikarim, O. Rakimzhan

Especially mastery of information today's youth

Annotation. The article is devoted to the problem of today - about the abilities of young people to choose the useful information from the Internet and other sources, which are part of our everyday life.

Keywords: information, information flow, the Internet, the value of information, the ability of perception of information, properties of information, the social system, the structure of the information, the phenomenon of consciousness.

ӘОЖ: 378.016

К.А. АСАНОВА

(Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Теміртау қаласы, Қазақстан)

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Андатпа. Мақалада авторлар ақпараттық технологияларды мейлінше қолдану, оларды жетілдіру, жаңа оқыту әдістерін пайдалану мәселесі туралы жазған. Қазіргі кезде жиі қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерге тоқталып, олардың анықтамасын берген. Электронды оқулықтардың пайдасы, ерекшеліктері, түрлері, оларды қолдану мақсаты жөнінде мәліметтер берген.

Өзекті сөздер: электрондық оқулық, ақпараттық технология, жаңа оқыту әдістері, жоғары нәтиже, кәсіби құзырет, коммуникативтік құзырет, лингвистикалық құзырет, инновациялық әдіс, жағдаяттық тапсырмалар.

Болашақ ұрпағымызды білімді де білікті, мәдениетті де саналы етіп тәрбиелеуде мемлекеттік тілді заман талабына сай жаңаша оқыту өмірлік маңызы бар мәселе болып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологиялар таңдауда көп нұсқаулық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарының өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті, авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Сол себептен, қазақ тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияны мейлінше пайдалану арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Берілген материалды терең меңгерту;
- Студентті ойлату, ой салу;
- Пәнге деген танымдық қызығушылығын арттыру;
- Студент алдына қойылған мақсатты міндетті түрде орындату;

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуда сөйлеу туралы түсінік беру, ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту, тілдік құбылыстарды талдау, орфографиялық дағдылар қалыптастыру, пунктуациялық ережелерді практикалық тұрғыда меңгерту, сөйлеу мәдениетін дамыту міндеттері қойылады.

Ақпараттық технологияларды мейлінше қолдану, оларды жетілдіру, жаңа оқыту әдістерін пайдалану – қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі. Технология сөзі грек тілінен аударғанда жаңа жұмысты жүргізудегі шеберлік пен іскерлікті білдіреді. Яғни, тіл үйрету барысында жаңа әдістерді қолдана отырып, алға тұжырымды мақсат қоя отырып, жоғарғы нәтижеге қол жеткізуді талап етеді.

Қазіргі кезде бұрынғы дәстүрлі тәсілдерден біршама ерекшеленетін жаңа әдіс-тәсілдер қолданылып жүр. Бұл нақты айтқанда тіл үйренушінің дербес танымдық белсенділіктерін арттыратын, жоғары белсенділіктерін дамытатын оқытудың көпдеңгейлік әдістемелері.

Тілді жан-жақты жете меңгеру үшін белгілі бір әдісті ғылыми тұрғыдан жете меңгермей, оң нәтижелерге қол жеткізу қиын екендігі белгілі. Коммуникативті оқыту технологиясы – қарым-қатынас негізінде оқыту, тіл үйрету ісінде нәтиже беретін технология [1].

Тілдік бағыттау, басқа тілді қарым-қатынас негізінде оқыту. Бұл сабақтың практикалық мақсатын қамтамасыз етеді. Басты мәселе жаттығуларда. Жаттығу неғұрлым қатынасқа құрылса, соғұрлым ол нәтижелі, тиімді болмақ. Тілдік әрекет үш жақты болады: лексикалық, грамматикалық, фонетикалық.

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

Ал ситуациялық тапсырмалармен жұмыс жасату студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуына және қоғамда еркін қарым-қатынасқа түсуге бейімдейді, коммуникативтік мотивация іске қосылады, студентті кез-келген ортада емін-еркін сөйлету мақсаты жүзеге асады.

Тілді үйретуге қажетті тілдік материалдар мен коммуникативтік қатысым тапсырмаларын қамтыған лингводидактикалық тұрғыда сипатталған ерекше құжат – ол тілді оқыту стандарты. Ал стандарттың негізінде оқыту бағдарламалары, оқулықтар және оқу құралдары жасалады. Оқулықтарды құрастыруда келесі мәселелерді ұмытпаған жөн: Тұрмыстық лексиканы және кәсіби құзыретті қалыптастыратын лексиканы меңгеруге бағытталған оқулықтар [2].

Соңғы уақытта тілді үйрету мәселесіне байланысты коммуникативтік құзырет, әлеуметтік-мәдени құзірет, кәсіби құзырет сияқты ұғымдар жиі қолданылып жүр.

Коммуникативтік құзырет – үйренген тілдік құралдарды тілдік қарым-қатынаста қолдана білу қабілеті, ситуацияға байланысты тез арада қорытынды жасап, өз ойын еркін жеткізе алу.

Лингвистикалық құзырет - үйренушінің тілдік білімінің жиынтығы. Соның көмегімен тіл үйренуші морфологиялық формаларды дұрыс қолдана білуге және сөйлемдерді дұрыс құрай алуға бейімделеді.

Тілдерді оқытуда студенттерге сапалы білім беру – оқытушының оқыту әдістері мен тәсілдерін күн сайын жетілдіріп отыруы арқасында жүзеге асады. Қазіргі кезде жиі қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер: 1) Инновациялық оқыту; 2) Жаңа технологиялар бойынша оқыту; 3) Инновациялық әдіс-тәсілдерді университетте, тіл үйретуде қолдану - студенттің сапалы білім алуында берер мүмкіндігі зор деуге болады. Инновациялық технологиялар деген сөз - жаңа нәрсе, жаңалық енгізу дегенді білдіреді.

Ал проблемалық жағдаяттарға байланысты тапсырмалар – студент бойында кез-келген ортада қарым-қатынасқа түсе алу, өзін-өзі басқару, дамыту қабілеттерді қалыптастырады.

Қазіргі кезде тіл үйрету сабақтарында электрондық оқулықтар кеңінен қолданылып жүр. Олардың мынадай тиімді жақтары бар: 1) студент арнайы бағдарламамен жұмыс істейді; 2) студенттің білімі компьютерлік жүйе арқылы бағаланады; 3) Берілген тапсырмаларға деген қызығушылығы артады.

Оқу бағдарламасы бойынша грамматикалық, лексикалық жұмыс түрлері, жағдаяттық тапсырмалар студенттің болашақ мамандығына сәйкес тілдік қарым-қатынасты дамытуға бағытталады.

Электронды оқулық – әдістемелік нұсқау, тіл үйренушіге көмекші құрал болып табылады. Ол гипермәтін негізінде және оқу материалы мазмұндалып, үйренушіге интерактивті кадр ретінде ұсынылады. Электрондық оқулықтың негізгі қызметіне келесілер жатады: Үйретушіні тіркеу, мәліметтерді қорғау, оқу ақпаратын ұсыну, оқыту, диалог жүргізу, көмек көрсету, тест өткізу.

Электрондық оқулықты жасауда келесі бөліктерді ұмытпаған жөн: Жаңа тақырыптар бойынша презентациялар жасау, жаңа тақырып бойынша алған білімді бекітуге арналған тапсырмаларды және алған білімді тексеруге арналған тест тапсырмаларын.

Сонымен қатар, электронды оқулыққа тіл үйренуші портфолиосын енгізуге болады. Бұл тыңдаушы туралы толық толық мәлімет алып, тыңдаушы деңгейіне сәйкес тапсырмалар беруге, ол туралы толық мәлімет алуға болады дегенді білдіреді. Электронды оқулықтардың өзіндік ерекшеліктері: 1) тапсырмаларды тез және қысқа мерзімде орындауға мүмкіндік береді; 2) дидактикалық жаттығулардың көптігі; 3) тіл үйренушінің оқытушының көмегінсіз жұмыс істей алуы; 4) студенттің алған білімін бақылау және бағалау.

Электронды оқулықта студенттерге арналған ақпараттық анықтамалық, мамандыққа байланысты терминдер түсіндірмесі, грамматикалық ережелер берілуі қажет.

Электронды оқулықтардың түрлері: қарапайым және мультимедиялық. Қарапайым түрдегі электрондық оқулық – жаңа тақырыпты түсіндіруге арналған слайдтар, рет-ретімен

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

орналасқан мәтіндер жүйесі болуы мүмкін. Мұндай оқулық түрінде білімді тексеруге арналған бақылау тесті болмайды. Тек қана тақырыптар бойынша материалдар бір жүйеге топтастырылады.

Мультимедиялық электронды оқулық – тіл үйрену жұмысының барлық түрі қамтылған ақпараттық-технологиялық гипермәтінді құрылым болып табылады. «Мультимедия» латын тілінен аударғанды «көп орта» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, мультимедия – бұл мәтінді, дыбысты, бейнені біріктіріп қолдану деген сөз. Қ.Қадашеваның пікірінше мультимедиялық сабақтардың үш түрі бар:

- оқулық бойынша өтілетін материалды бекіту және қорытынды;
- өмірдегі жағдайларға жақындастыру және танымдарын арттыру;
- үйренушінің қабілетін сөйлеу барысында жандандыру.

Мультимедиялық электронды оқулықта тіл үйренушілердің өз бетінше орындайтын материалдар, тест тапсырмалары, аудиоматериалдар, бейнематериалдар болуы қажет. Бұлар тыңдау мен сөйлеу дағдыларын жылдам қалыптасуына ықпал етеді. Электронды оқулықтарды қашықтықтан оқытуда тигізетін пайдасы зор.

Ойымызды қорыта келе айтарымыз, тіл үйрету сабақтарында жаңа технологияларды қолдану – оқытушының кәсіби шеберлігімен, жаңашылдық іс-әрекетімен, студенттердің өздік жұмыс жасау дағдыларын дамыта алу қабілеттілігімен ерекшеленуіне мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Өтетілеуова Б. «Мемлекеттік тілді оқытуда жаңа технологияларды қолдану», Қазақ тілі мен әдебиеті. 2003.
- 2 Қадашева Қ.Қ. «Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері» Алматы, 2000.

К.А. Асанова

Преимущества использования электронного учебника на занятиях казахского языка

Аннотация. В данной статье рассмотрены проблемы применения новых технологий и методов преподавания казахского языка. В статье анализируется коммуникативная технология обучения. Большое место занимает рассмотрение применения электронного учебника на занятиях казахского языка и виды электронного учебника.

Ключевые слова: электронный учебник, информационная технология, новые методы обучения, высокий результат, профессиональная компетенция, коммуникативная компетенция, лингвистическая компетенция, инновационный метод, ситуативные задания.

К.А. Asanova

The benefits of using the electronic textbook in the kazakh language

Annotation. This article deals with the problems of new technologies and teaching methods of the Kazakh language. The article analyzes the communicative teaching technology. Great place is considering the electronic textbook on the Kazakh language classes and types of electronic textbook.

Keywords: electronic textbook, information technology, new teaching methods, high output, professional competence, communicative competence, linguistic competence, innovative method, situational tasks.

УДК 004.4

Д.Қ. ТОҚСЕИТ, М.М. АБДИРОВ

(Қарағанды мемлекеттік индустриалды университет, Темиртау қ., Қазақстан)

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа. Баптың атауы «Мобильді қосымшаларды қалай тиімді пайдалану». Аталған жобаның мақсаты: Небір бағдарламаларды әр түрлі тәсілдермен ұйымдастыру. Қосымшалардың негізі ойын бағдарламалары болып табылады. Өйткені қазіргі кезде осы сфера өте жақсы дамып, қызықты топтар қатарынан көрінуге ұмтылып барады. Көп қолданушылар мобильді қосымшаларды «Play Market» арқылы жүктеп алады, осыған орай ойын бағдарламаларына мысалдар келтірілген. Бұл бап дербес компьютер, ноутбук, ұялы телефон және тағы басқа құрылғылар арқылы бастырылған мобильді қосымшалардың қасиеттерін зерттеу бағытында арналған. Зерттеу нәтижесінде бірнеше функционалды әрекеттер байқалған. Қазіргі заманға сай «икемдеу» тәсілі арқылы бірнеше өзгерістер енгізуге болады. Сонымен қоса тиімді жағдай келтіру үшін оның тез әрі мобильді жұмыс істеу нәтижелері анықталған.

Түйін сөздер: мобильді қосымшалар, модельдеу, графикалық мысалдар, ұялы телефонның жадын толып кету факторларының профилактикасы.

Мобильді индустрияның жаһандық дамуын зерттеуші GSMA мәліметтері бойынша бүгінді таңда қолданыстағы мобильді құрылғылардың саны әлем халықтарының санынан әлдеқайда артық болып отыр. Мәселен, 2016 жылдың соңына қарай GSMA құралдары 7,230 млрд. мобильді қосылуларды тіркеген болса, бұл кезде әлем халықтарының сандық көрсеткіші 7,197 млрд. адамды құрады. Бұл статистикалық мәліметтерден мобильді технологиялар мен мобильді интернеттің әлемдік қауымдастықта қолжетімді және ең тиімді байланыс құралдары болып отырғанын байқаймыз

Жалпы қазіргі кезде мобильді қосымшалар бәріне танымал орта. Бірақ, кейбір қолданушылар ол қосымшалардың ерекшеліктерін байқамайды. Дәл осыған байланысты мақала іс жүзінде баяндалған. Бірнеше мысалдар оқырманға графикалық таным ретінде ұсынылып, жақсы әсер қалдырады.

Интерфейске қойылатын талаптар:

Ойын бағдарламасын қарастыратын болғандықтан интерфейсi логикалық жағынан қызықты, көзді ауыртпайтын түстер, жағымды бағытта қолданылу керек. Негізінен түстер қараңғылық бағытта қолданылады (қара, сары, сұр түстер). Ойын интерфейсi қызықты іш пыстыртпайтын, ыңғайлы, жеңіл басқарылатын, икемді болады.

Бағдарламаның интерфейсi- ең негізгі құрылымдық бөлім болып табылады. Бағдарламамен жұмыс істеудің қолайлы болуы өте маңызды. Пайдаланушыға арнап интерфейс құру кезінде пайдаланушыға түсінікті болатындай мәзір жүйелері болуы тиіс, сол жүйелер бойынша керекті терезелерді ашып операцияларды орындауға ыңғайлы болуы қажет. Интерфейс пайдаланушыға барынша түсінікті түрде жасалуы тиіс. Берілген бағдарламалық өнімнің интерфейсi қолданушы интерфейсiнің барлық талаптарына сай болуы тиіс [1].

Түстік гамма қолданушы көзіне жағымды болуы тиіс. Бағдарламаны пайдаланып отырған қолданушының жұмыс жасау барысында көздерінің шаршамауы интерфейсiнің құрылымына байланысты, сондықтан интерфейсiнің беткі түсі өте ашық немесе өте күнгірт болмағаны жөн. Баланың ойы енді ғана дамып келе жатқанын ескере отырып мен келесі мәселені қарастырғаным жөн:

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

- Салынатын суреттер анық, еш кемшіліксіз болу керек. Суреттер кемшіліктерімен болса, жаман әсер қалыдары;
- Бағдарлама түрлі-түсті болуы керек. Бағдарламаны кішкентай балалар қолданып отырған жағдайда кейін олардың қызығушылығын тудырады;
- Тұтынушылардың көбі енді ғана жазу жазып, оқи бастағанын жас өспірімдер екенін ескере отырып, интерфейс қарапайым және оңай болу қажет;
- Жазылған жазулары да нақты және анық болу керек.
- Интерфейс талаптарының сипаттамасы келесі кестеде көрсетілген (1-кесте – түс деректерінің сипаттамасы).

1-кесте. Түстердің психологиялық қасиеттері

Түстер	Психологиялық қасиеттері
Қара	Көңіл – күйді түсіреді
Ала қызыл	Бұл түс адамды өзіне тартады
Сары қызыл	Көңілді, қуаныш шақырады
Сары	Көңілді, жылы, шабыттандырады
Көгілдір	Салмақты, жүйке жүйесін тыныштандырады
Қызыл	Шабыттандырушы, бай түс
Қоңыр	Қауіпсіздік, тыныштық, мамыражай тірлік белгісі
Жасыл	Салмақты, керемет көңіл – күй береді

Мобильді қосымшаның базалық сипаттамасы

Яғни стандарт бойынша жүктелген қосымша ұялы телефонның жадында сақталады. Жүктелген бағдарламалар олай жалғаса берсе, жады толып кетеді. Сол себепті жүктелген бағдарламаның қасиет бөліміне көшкенде келесі бейне ұсынылады



Сурет 1. Мобильді қосымшаның ақпараты

«На карту памяти SD» батырмасы арқылы оны қосымша флешкаға көшіріп ұялы телефон жадысынан орын босата аламыз.


Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»



Сурет 2. Қосымшаны жіберу немесе қабылдау

Осы арқылы кез- келген ұялы телефондағы бағдарламаны жіберуге немесе қабылдауға мүмкіндік береді.

Оның жасаған әрекеттерін деректер қорында сақталып отырады. Байқағандай оның қаншалықты мобильді интернет трафигін құртқанын қарауға болады.



Сурет 3. Интернет трафигі бойынша дерек

Жұмыстың жасалу процесі келесідей.

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»



Сурет 4. Орындалу процесі

2-кесте. Бағдарлама файлдары

№	Аты	Міндеттері	Өлшемі
1	Hill Climb Racing	Ойын бағдарламасы қашықтықта рекорд кою	72,98 мб
2	SHAREit	Қосымшаларды жіберіп/қабылдау бағдарламасы	1,50 Мб

Пайдаланушының интерфейсін ұйымдастыру үшін көптеген батырмалар қолданылды [3].

Егер ұялы телефоныңызда мобильді интернет істемесе, келесі әрекетті қолдануды ұсынамыз:

- Өшіріп қайта қосып көріңіз.
- Интернет тарату опциясы қосылуы екеніне көз жеткізу
- DUOS құрылғыларына (2 SIM - карталық) SIM картаны - интернет тарату таңдау .
- Егер мобильді интернет роумингте жұмыс істесе, роуминг үшін қосыңыз.
- SIM - картаның қалдығын тексеріп көріңіз.
- Қауіпсіздік режимінде құрылғыны тексеріп көріңіз.
- Мобильді интернеттің қосылуы үшін оның рұқсат нүктесін икемдеңіз. Егер рұқсат нүктесі жоқ болса, оны жаңадан жазу.
 - SIM - карта операторы арқылы мобильді интернеттің жұмысын тексеріп көріңіз.
 - Егер алдыңғы кеңестер көмектеспесе, құрылғының стандартты икемдеу батырмасын басыңыз.

Сипатталған мәселелермен таныса отырып, өзіңізді осы сферада сенімді сезіне аласыз.

Жоғарыда аталып кеткен кеңестерді талқылап кетсек:

- Кез-келген мобильді қосымшаның мәзірінде пайдаланушыға нұсқау бөлімінде бағдарламаның өзектілігі, андатпа бөлімдері ұсынылған.

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

- Оңай әрі тез арада мобильді қосымшаны іске қосу үшін тандаулы тобында болған жөн.
- Мобильді қосымша ойын бағдарламасы болған жағдайда, оның мәнімен танысып деңгейлерін өтіп болған жағдайда, оның қызметінен бас тарту. Бұл сіздің ұялы телефоныңыздың жадын толып кету факторларының профилактикасы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Эд Бурнет. Разработка мобильных приложений. — СПб.: Питер, 2012. — 256 с. 2. П.Дейтел, Х.Дейтел, М.Моргано. Adroid для программистов: создаем приложения. – СПб.: Питер, 2013. – 560 с.:ил.
- 2 Харди Б. , Филлипс Б. Программирование под Android. Для профессионалов. — СПб.: Питер, 2014. —592 с.: ил. — (Серия «Для профессионалов»).
- 3 Электронды нұсқау <https://market.yandex.kz/product/6381310/spec?hid=138608&ncrnd=241>.
- 4 Мобильді қосымшаларың түйіндемесі туралы түсінік <https://otvet.mail.ru/question/47581322>
- 5 <https://besthard.ru/microsoft-office-2010-home-and-student-x32x64-ru-elektronnaya-litsenziya/>

Д.К. Токсеит, М.М. Абдиров

Эффективное использование мобильных приложений

Аннотация. Наименование статьи «Как выгодно пользоваться мобильными приложениями?». Цель проекта: Составить примеры на различных программах несколькими способами. Мысль основы дополнений программы являются игровые приложений. Потому что, данная сфера хорошо развивается в наше время, и числится из интереснейших рядов групп. Многие пользователи скачивают приложений через «Play Market», в связи с этим приведены примеры для игровых программ. Эта статья предназначено в направлений исследований качеств дополнении персонального компьютера, ноутбука, сотовых телефонов. В результате исследований просмотрены несколько функциональных действий. С помощью настройки можно подстроить приложений под себя. Чтобы программа работа мобильно быстро.

Ключевые слова: мобильные приложения, моделирование, графические примеры, мобильные факторы профилактики переполнения памяти телефона.

D.K. Tokseit, M.M. Abdirov

Efficient Use APPS mobilnix

Annotation. Name of the article «As advantageous to use mobile applications»? Aim of project : to Make examples on the different programs in several ways. Idea of basis of additions of the program there are playing appendixes. Because, this sphere well develops in our time, and counted from the most interesting rows of groups. Many users get appendixes through «Play Market», in this connection examples are made for the playing programs. This article it is intended in directions of researches of internalss addition of the personal computer, notebook, cellular telephones. As a result of researches a few functional actions are looked over. By means of tuning it is possible to tune appendixes under itself. That program work mobile.

Key words: mobile applications, modeling, graphic examples, mobile phone factors preventing memory overflow.

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

ӘОК 81:002

Ж.К. КАПАШЕВА, С.Б. ХАМИТОВ

(Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Теміртау қ., Қазақстан)

КӨПТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ МАЗМҰНЫН АҚПАРАТТАНДЫРУ

Аңдатпа. Қазақстан Республикасы білім беру саласын түбегейлі жетілдіруді жүзеге асыруда, білім беру үдерісіне көптілділік саясаты енгізілді. ТМД елдерінің ешбірі көптілділікті мемлекеттік дәрежеде дамытып отырған жоқ. Қазақстанның тіл саясатында стратегиялық маңызды міндет қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгеру қажеттілігі болып отыр. Мақалада көптілділік жағдайында білім мазмұнын ақпараттандыру мен түрлендіру мәселесі қозғалған.

Түйін сөздер: көптілді білім беру, қазақстандық білімді трансформациялау, мультилингвизм, полилингвизм, адамзаттық қарым-қатынас интерпретациясы, өзара мәдени коммуникативтілік.

Әлемдік өркениет жолындағы үздіксіз даму кезеңінде білім мен ғылымға баса назар аудару өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін. Бәсекеге қабілетті экономика үшін. Бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Жолдауында «Білім берудегі жаналық – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» делінген [1].

Бұл ретте Елбасымыздың қазақстандық білім мен ғылымды халықаралық тәжірибеге сәйкес трансформациялау, ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту, даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыра отыра, білім беру саласының экспорттық әлеуетін көтеру сияқты міндеттері тың өзгерістерді талап ететіні сөзсіз.

Кез-келген мемлекетте жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесін ұлттың зияткерлік, экономикалық, әлеуметтік әлеуетін арттырушы фактор ретінде қарастыратыны заңдылық. Қазіргі инновациялық үдеріс жағдайындағы Қазақстан үшін адам капиталының сапасын көтеру мемлекеттік саясаты жүзеге асырылуда. Бұл ретте қоғамдық саяси жағдайдың, ішкі, сыртқы экономикалық байланыстардың дамуының қарқындылығына сай тіл игеру мәселесінің басты шарт болып отырғандығы айқын.

Еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген [2].

Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі – кез-келген қоғамда, кез-келген ортада тез бейімделіп, өзін еркін ұстайтын, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын полимәдениетті, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Яғни, бүгінгі таңда қазақстандық білім саласындағы көптілділік мәселесі заман талабы, мемлекеттік саясат болып отырғандығын заңды қажеттілік деп түсінеміз.

Қазақстанда үштілділік алғаш рет 2004 жылы көтеріліп, 2006 жылы қазанда Президент Қазақстан халықтарының Ассамблеясының XII сессиясында болашағымыз үшін үштілділіктің маңыздылығын айтып өтті. Ал 2007 жылы «Жаңа Қазақстан жаңа әлемде» атты Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын ұсынып, қазақ тілін мемлекеттік тіл, орыс тілін халықаралық тіл, ағылшын тілін жаһандық экономикаға ену тілі ретінде оқыту

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

саясатын жүзеге асыру міндетін қойды [3].

ЮНЕСКО концепциясына сай «көптілді білім беру» ұғымы білім беруде кемінде үштілді: ана тілін, аймақтық не ұлттық тілді қолдану ұсынылған және көптілді қолдануды «важным фактором инклюзивности и качество образования» деп көрсетілген [4].

Бүгінгі Қазақстанға технологиялық ғылыми, медициналық және басқа да салаларда жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар даярлау қажеттілігі туындап отыр.

Көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Мұның өзі жеке адамның (индивидуумның) көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі болып бөлінеді. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүгіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек. Онда жеке адамның ғана көптілділігі ұшырасады (Жапонияда, Кореяда, Германияда, Исландияда). Көптілділік – АҚШ, Ресей Федерациясы, Үндістан, Нигерия сияқты жүздеген ұлт пен ұлыс мекендейтін мемлекеттерге тән құбылыс. Көптілділік: жаппай көптілділік, ішінара көптілділік болып бөлінеді [5]. Жаулап алу, халықтардың қоныс аударуы, көрші елдермен тығыз қарым-қатынас секілді тарихи себептерден кейбір халық өкілдерінің жаппай көптілділігі қалыптасқан. Сондықтан да көптілділік көп ұлтты географиялық кеңістікте кең тараған. Мәселен, жаппай көптілділік Кавказдағы армян, аджар, осетин, күрд, грек, т.б. халықтар арасында, сондай-ақ, Дағыстан халықтары арасында жиі кездеседі. Қазіргі Қазақстан Республикасындағы қалыптасқан жағдай да осыған ұқсас.

Көпұлтты Қазақстан үшін үштілділік – саяси, экономикалық, мәдениетаралық қатынас құралы ғана емес, әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық тұрғыдан қарастыратын өзекті мәселе. «Қазақстанда пайда болған үштілділік құбылысы қазақ арасында ғана тараса, бұл біржақты үштілділік болады, сондықтан оның орыс, Қазақстанда жұмыс жасайтын ағылшын тілділер, өзге күллі ұлыс өкілдері арасында тарауы шарт, көптілді елге керегі – үштілділік, бұл - жергілікті тілдерді, орыс тілі сияқты халықаралық тілдің, ғаламдандыру тілі - ағылшын тілінің жұтып жіберуінен сақталуының бір кепілі»-деген Қазақстанның тұңғыш социолингвист-ғалымы Б.Хасанұлының пікірі де көптілділіктің лингвистикалық мәнін аңғартады [6].

Жеке тұлғаның екі немесе одан да көптілді игеру мәселесі жайында В.М.Бухаров төмендегіше ой түйеді: «Комплексный интердисциплинарный подход к интерпретации человеческого общения, лежащий в основе изучения межкультурной коммуникации, в большей степени, чем любые частные лингвистические исследования, соответствует основной онтологической сущности языка – вариативности его системной организации и реализации. Вариативность языка имеет определенные пределы, выходя за которые, лект или другая языковая вариация становится формой существования другого языка» [7].

Осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген ғалым Е.А.Хамраеваның мына пікірі ХХІ ғасырдағы көптілділікті/көптілділікті анық көрсетеді: «образуется новый тип билингвизма, который можно определить как социально-обусловленный, коммуникативно-прагматический билингвизм. Никогда прежде язык не располагал такими мощными технологиями распространения и поддержки, как телевидение и Интернет, средствами массового, быстрого и достаточно легкого тиражирования информации» [8].

Қазіргі инновациялық үдеріс ғылым салаларының тоғысуы мен бірігуіне ғана емес, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына да әсер етті. Лингвистика ғылымы соңғы жылдары көптеген жаңа бағыттарды қамтып, ғылыми-теориялық және практикалық жағынан кең өріс алып, дамып келеді. Мұндай бағыттар қазіргі өмір талабы мен

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

уақыт сұранысына сәйкес пайда болып отырғаны белгілі. Бұған дейін біз бір тілге көңіл аударып келсек, қазір заман талабына сай жаңа салаға, жаңа бағытқа - когнитивтік лингвистикаға айрықша көңіл аударып келеміз. Бұл сала қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жарыстыра отырып, бір-бірімен салыстыра, жалғастыра отырып үйрету принципіне негізделген.

Қазіргі білімдік парадигма білім беруде білім, білік, дағдыны емес, білім мазмұнын білім алушының тұлғалық дамуына қарай бағыттау мәселесін қойып отыр. Бұл ретте білім алушының лингвистикалық біліміне аса мән беру қажет деп ойлаймыз. Алдымен білім мазмұнын көптілділік жағдайына қарай жоспарлауды жүйелеген жөн. Қазақстан Республикасының білім беру Заңында оқытушыларға педагогикалық үдерісті кез-келген модельде, тіпті авторлық модельмен де конструктивті түрде жүйелеп, оқытудың тиімді әдістемелік технологиясын әзірлеуді де ұсынған.

Қазіргі қазақстандық полилингвизм жағдайында болашақ мамандардың әлемдік ортада лингвистикалық, коммуникативтік құзіреттілігі шешуші рөл атқаратындығы анық байқалып отыр. Тілдік қабілеттің әлеуметтік нормаларын сақтай отыра, адамзаттың барлық қызмет түрлерінде толыққанды қатынас жасай алатын көптілді, полимәдениетті тұлғаны дамыту үшін білім мазмұнын қалай түрлендіру қажет деген сұрақ туындайды. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында жаңа ақпараттық технологиялар ретінде еуропалық комиссия ұсынған электрондық оқыту (e-learning), мультимедиялық технологиялар мен Internet терең білім алып, білім сапасын тиімді басқару құралы деп тануға болады. Қазақстанда электронды оқыту енгізудің мынадай негізгі бағыттарын көрсетуге болады: инфрақұрылымды дамыту, сандық білім контентін құру, мамандарды даярлау. E-learning инфрақұрылымына оқыту қарқындылығын арттырушы оқытушыларға арналған моноблоктар, студенттерге арналған планшеттер, classmates мобильді компьютерлері, интерактивті проекторлар, сабақ кестесі, білім мазмұны мен бағдарламаларды кез-келген уақытта қарауға арналған ақпараттық киоскілер т.с.с. жатады.

Болашақ маман иесінің лингвистикалық, коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында тілді оқытуда білім стандарттары күнделікті тұрмыстық мәселеден бастап шынайы өндірістік, әлеуметтік мәселелерді шешу қабілетін дамыта түсетін сыни ойлау курсымен және әр оқу орны өзінің білім беру бағдарламасына сай лингвистикалық сайттармен толықтырылыса деп ойлаймыз.

Ал тіл үйретуші оқытушы үшін білім мазмұнын жоспарлауды ұйымдастырудың қандай формалары қажет? Кез-келген тіл үйренуші үшін коммуникативтік жағдаят шешуші нәтиже беретіні анық. Ал бұл жағдаятты ұйымдастыру құралдарының бірі – ақпараттық орта. Мұндай ортаны оқу үдерісінде құру үшін ресми, ресми емес және ақпараттық орта қалыптастыру қажет, яғни сабақ барысында мұндай ортаны компьютерлік сыныптар, мультимедиялық кабинеттер мен роботтық техникалар атқарады.

Ал оқыту материалын қандай жүйеде беру қажет? Бұл үшін ақыл-ой еңбегінің көрсеткіші болатын сыни ойлау тұрғысына негізделген ақпараттық мәтіндер қажет. Мәтінді тіл үйренуде тұлғаның өзін-өзі жетілдіруші психологиялық жағдай туғыздыратын дидактикалық шешім деп қабылдау жөн. Тіл үйренуші студент үшін ұсынылатын тапсырмалар мазмұнын да түрлендіру талабы маңызды. Мысалы, тыңдалым деңгейін дамыту үшін ақпараттық құралдар арқылы берілетін мәтіндер жүйесі әзірленіп, оның негізінде тыңдалғаннан кейін берілетін тілдік және түсінім, сөйлесім тапсырмаларының мазмұны да дәстүрліден қарағанда өзгеше болуы керек.

Мысалы, мәтінде берілген белгілі бір грамматикалық бірлікті көрсетіп, оны ана тілінде және ағылшын тілінде салыстыра көрсету, мәтінде берілген белгілі бір халықтың тұрмыстық, мәдени ерекшелігін өзінің туған халқының мәдениетімен салыстыра отырып, ұлттық құндылық ерекшеліктерін беру, белгілі бір ақпарат негізінде өзіндік тұжырымын үйреніп отырған ұлттың мақалымен, не ұлттық классикалық поэзия, проза үзіндісімен, не белгілі іскер, саясаткерлер ойымен беру т.с.с. мазмұндағы тапсырмалар жүйесін түзу танымдық

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

коммуникативтік орта қалыптастыру тәсілі болмақ.

Қазіргі білім беру талабының интеграциялануы сай білім мазмұнын ақпараттандырудың шешуші шарттары деп көрсетуге болады:

- тиісті кәсіби біліктілікке сай көптілді маман қажеттілігі;
- көптілді білім беру бойынша шетелдік тәжірибе алмасу қажеттілігі;
- көптілді білім беру стандарттарын әзірлеу;
- көптілді білім беру үдерісінің лингводидактикалық аспектісі ретінде оқу-әдістемелік кешендер мазмұнын түрлендіру,
- көптілді білім беру үдерісін қамтамасыз ететін заманауи ақпараттық құралдар қажеттілігі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қ.Р.Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін. Бәсекеге қабілетті экономика үшін. Бәсекеге қабілетті халық үшін» Қазақстан халқына Жолдауы //adilet.zan.kz/kaz/docs/K040002005 Астана, 19 наурыз 2004ж.

2 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ ҚР «Білім туралы» Заңы.

3 Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. — 2007. — 1 марта. — № 33 (25278)

4 Образование в многоязычном мире: Установочный документ ЮНЕСКО. — Париж, 2003. — 38 с. — [ЭР]. Режим доступа: http://www.unesco.org/new/ru/media-services/singleiew/news/multilingualism_a_key_to_inclusive_education/#.VNbyXufqCJU.

5 "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 5-том 6 Хасанұлы Б. «Үштілділік – біртарапты тілдік үдеріс». Алматы, 2013

7 Бухаров В.М. Концепт в лингвистическом аспекте // Межкультурная коммуникация. Н. Новгород: Деком, 2001. С. 74-84.

8 Хамраева Е.А. Билингвизм как итог организации современного языкового образования в школах России. – электронный ресурс – <http://abarkan.ucoz.com/index/bilingvizm/0-55>.

Ж.К. Капашева, С.Б. Хамитов

Информатизация содержания знания в условиях полиязычия

Аннотация. Республика Казахстан осуществляет кардинальную модернизацию системы образования, активно внедряет политику полиязычия в образовательный процесс. Ни одна из стран СНГ не развивает полиязычие на государственном уровне. Стратегически важной задачей языковой политики Казахстана является необходимость овладения казахским, русским и английским языками. В статье рассмотрены проблемы преобразования и информатизации.

Ключевые слова: полиязычное образование, трансформация казахстанского образования, мультилингвизм, полилингвизм, интерпретация человеческого общения, межкультурная коммуникация.

Zh.K. Kapasheva, S.B. Khamitov

Informatization of the content of knowledge in conditions of multilingualism

Abstract. The Republic of Kazakhstan is carrying out a cardinal modernization of the education system, actively implementing the policy of multilingualism in the educational process. None of the CIS countries develops multilingualism at the state level. Strategically important task of the language policy of Kazakhstan is the necessity to master Kazakh, Russian and English languages. The article deals with the problems of transformation and informatisation.

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

Key words: multilingual education, transformation of Kazakhstan education, multilingualism, polylingualism, interpretation of human communication, intercultural communication.

УДК 372.881.111.1

А.К. ЖУНУСОВА, А. ТАШПУЛАТОВА

(Карагандинский государственный индустриальный университет, г. Темиртау, Казахстан)

СПЕЦИФИКА ТЕРМИНОВ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И ТЕХНОЛОГИЯ ОБУЧЕНИЯ ТЕРМИНАМ В НЕЯЗЫКОВОМ ВУЗЕ

Аннотация. В статье анализируются термины научно-технической литературы, рассматривается их морфология, специфика перевода. Автор особое внимание обращает на способы обучения терминологии на занятиях по иностранному языку в техническом вузе.

Ключевые слова: и фразы: научный термин; морфологическая структура; определение термина; контекстуальное значение; профессиональный английский.

При работе с научно-технической, а тем более с профессиональной литературой, следует учитывать, что хотя язык текстов является частью общенационального языка, использует его лексику и грамматический строй, тем не менее, ему свойственны определенный стиль, а также ряд особенностей, как в области терминологии, так и грамматики [1].

Как известно, термины – это слова или словосочетания, которые имеют специальное, строго определенное значение в той или иной области науки и техники. Они точно выражают понятия, процессы и названия

вещей, присущие какой-либо отрасли производства.

Для того, чтобы правильно определить выражаемые термином понятия, нужно знать ту область науки и техники, к которой относится данная терминология. Как утверждает Р. Ф. Пронина, «любой термин следует рассматривать не как обособленную смысловую единицу вне всякой связи с окружающими его словами и контекстом в целом, а как слово, за которым закреплено определенное техническое значение, но которое может изменить своё содержание в зависимости от той отрасли, в которой оно употреблено в данном конкретном случае» [2].

Необходимо заметить, что для правильного понимания и перевода терминов необходимо также знать морфологическое строение терминов:

а) простые: circuit – цепь(электрическая); rig – буровая установка;

б) сложные: hydrocarbons – углеводороды; teamwork – бригадный метод;

в) термины-словосочетания – (circuit breaker – выключатель, автомат), которые делятся на три типа:

1. термины-словосочетания, оба компонента которых являются словами специального словаря. Они

самостоятельны и могут употребляться вне данного сочетания, сохраняя присущие каждому из них в отдельности значение:

– brake – тормоз;

– gear – привод, шестерня.

Термин-словосочетание, состоящий из этих компонентов, приобретает новое значение, обладающее смысловой самостоятельностью:

– brake gear – тормозное оборудование;

2. термин-словосочетание, в котором только один из компонентов является техническим термином, а второй относится к словам общеупотребительной лексики.

Компонентами этого типа могут быть 2 существительных или прилагательное + существительное. Оба компонента являются самостоятельными терминами:

– air accumulator – резервуар сжатого воздуха;

– electric eye – фотозлемент.

Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

Характерным свойством терминов-словосочетаний этого типа является то, что их 2-й компонент, т.е. существительное, может принимать на себя значение всего сочетания и выступать в данном контексте как самостоятельный термин:

- current вместо electric current;
- charge вместо electric charge;

3. слова-термины, оба компонента которых представляют собой слова общеупотребительной лексики, и только их сочетание является термином:

